



АТА ЗАҢ – АРДЫҢ АЙНАСЫ



Сыр бойы

№131-132 (21007-21008) 30 тамыз, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi



Конституция – мемлекеттігіміздің мызғымас тұғыры, Тәуелсіздігіміздің айнымас темірқазығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституцияның 30 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі

Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Осыдан 30 жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Бұл егемен еліміз үшін тарихи сәт болды.

Баршанызға құтты болсын деймін. Шын мәнінде, Ата Заңнан биік ештеңе жоқ. Себебі Конституция – мемлекеттігіміздің мызғымас тұғыры, Тәуелсіздігіміздің айнымас темірқазығы. Қазақ – Ұлы дала заңына бас иген, ар-ұяттан аттамаған халық. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Өз Тәукенің Жеті жарғысы – нағыз дала заңының жарқын үлгілері. Осы дәстүр ешқашан үзілген емес.

Жұртымыз дала заңынан қазіргі Ата Заңына дейін тарихи жолдан өтті. Өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары бұл іске елеулі үлес қосты. Кеңес заманында еліміздің құқықтық іргетасы қаланды, білікті заңгерлер шоғыры пайда болды.

1993 жылы егемен Қазақстанның алғашқы Ата Заңы бекітілді, мемлекетіміздің конституциялық құрылымы айқындалды. Бірақ көп ұзамай жаңа тарихи ахуалға сай келетін жаңа Конституция қабылдау қажет болды. Осыған орай, арнайы кеңес құрылды, оған бір топ белгілі отандық заңгер мүше болып, белсенді жұмыс жүргізілді. Шетелден шақырылған сарапшылар да осы маңызды іске атсалысты.

Ата Заңымыздың жобасын талқылауға миллиондаған азамат қатысты, мыңдаған ұсыныс келіп түсті. Конституция туралы айтқанда, тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегіне әділ баға беру қажет. Ол



Конституция қабылданған кезде Мемлекет басшысы ретінде шешуші рөл атқарды.

Осылайша, 1995 жылы 30 тамызда Тәуелсіздік төлқұжаты, яғни, Конституция қабылданды. Еліміздің басты заңына «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...»

деген сөздер жазылды. Конституциямыз Тәуелсіздігімізді нығайтуға зор ықпалын тигізді, еліміздің одан әрі дамуына даңғыл жол ашты.

Қазақстан дербес мемлекет ретінде әлем қауымдастығының белді мүшесі атанды. Әрине, уақыт бір орында тұрмайды. Отыз жылда түрлі

себепке байланысты Ата Заңға 6 рет түзету енгізілді. Бірақ ең басты конституциялық өзгеріс осыдан үш жыл бұрын жасалды деп айтсақ, орынды болар. Конституциялық реформаның арқасында еліміздің саяси-құқықтық жүйесі түбегейлі жаңа сипатқа ие болды. Сол кезде Конституцияға түзетулерді Парламент арқылы өткізу керек деген ұсыныс кеңінен айтылды. Бірақ күрделі болса да, басқа жолды таңдау жөнінде шешім қабылданды. Ел болашағына тікелей әсер ететін аса маңызды шешімдерді тек қана референдум арқылы қабылдау қажет деген ұстанымды міндетті түрде сақтау керек деп ұйғардым.

Елімізде «Республикалық референдум туралы» заң ширек ғасыр бұрын қабылданды. Бірақ осы кезге дейін бірқатар себеппен бүкіл халық өзекті мәселелер бойынша дауыс бермеді. Ал азаматтарымыз ел тағдырына қатысты әр мәселеге өз ой-пікірін, көзқарасын ашық білдіргісі келді. Қоғамымызда дәл осындай сұраныс болды. Сондықтан референдум өткізу туралы бастамаға барша халық бірауыздан қолдау көрсетті. Жұртымыз Конституцияға енгізілген түзетулерді зор құлшыныспен жақтап, дауыс берді.

«Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген Конституция бабы нақты жүзеге асырылды. Бұл қоғамымыздағы саяси үрдіске зор серпін берді. Енді еліміздегі барлық маңызды шешімдерді бір ел болып талқылап, бірге қабылдайтын болдық. Былтыр Атом электр стансасын салуға қатысты өткен референдум – соның айқын дәлелі.

2-бет

/// САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

АТА ЗАҢДЫ АРДАҚТАУ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ПАРЫЗЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, құқық қорғау органдары мен жауапты сала басшылары, зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

Аймақ басшысы Конституцияның 30 жылдығымен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ауқымды өзгерістерге тоқталды.

– «Конституция – тәуелсіздігіміздің ең басты тірегі, мемлекеттігіміздің кепілі. Ата Заңды ардақтау – әрбір азаматтың асыл парызы. Біз осы реформалар арқылы саяси жаңғыруға, «Заң мен тәртіп» қағидатына негізделген Әділетті Қазақстанды құруға қадам басып келеміз.

«Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірі Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен қарқынды даму жолына түсті.

Биыл облысымыздың бюджеті 823 млрд 400 млн теңгені құрады. Бұл қаражат аймағымыздағы ең өзекті

деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Кейінгі 3 жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды. Эконо-

миканы әртараптандыру мақсатында өткен үш жылда құны 98 млрд 500 млн теңгені құрайтын 45 жоба іске асырылып, 1 400 тұрақты жаңа жұмыс орны құрылды.

3-бет



/// «КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

ЖАҢА ДӘУІР ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ОЛЖАСЫ

Конституция және Білім күні қарсаңында «Арай» мәлтек ауданындағы 1500 орындық «Келешек мектебінің» ресми ашылуы өтті. Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ергешбаев, еліміздің барлық өңірінен келген қонақтар және зиялы қауым өкілдері арнайы қатысты.

3-бет



/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ ШЫН МҰҚТАЖҒА ЖЕТУІ ТИІС

Өңірдегі кешенді шаралардың үлгі болар көрсеткіші

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің тапсырмасымен Қызылорда өңірінің қаражатты тиімді пайдалану тажирібесі республикаға үлгі ретінде ұсынылып, осы мәселені талқылау бойынша республикалық семинар-кеңес өтті. Алқалы жиынның негізгісі бейсенбіде «Өнер орталығында» ұйымдастырылып, оған ҚР Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова, Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков, министрліктер, орталық атқарушы органдар өкілдері, облыс әкімдерінің орынбасарлары, облыстық басқарма, департамент, инспекция, мекеме басшылары және қызметкерлері қатысты.

3-бет

Валюта бағамы \$ 537,76 kzt € 627,62 kzt ₸ 6,7 kzt

Ауа райы:

Сенбі ☀️ +29° 🌙 +19° | Жексенбі ☀️ +25° 🌙 +16°

Конституция – мемлекеттігіміздің мызғымас тұғыры, Тәуелсіздігіміздің айнымас темірқазығы



Шын мәнінде, 2022 жылы жүргізілген реформа Қазақстанның конституциялық құрылымы тарихындағы ең мазмұндысы еді. Мұндай реформаны қолға алуға сол кезеңдегі өте күрделі саяси жағдай себеп болды. Референдумда Ата Заңға түзету енгізумен шектеліп қалмай, Конституцияның жаңа жобасын дауысқа салу туралы көптеген ұсыныс айтылды. Мұндай бастамалардың көтерілуі бекер емес еді. Заңнамалық тұрғыдан орынды әрі саяси жағынан биліктің беделін арттыратын айтарлықтай оңайлы тәсіл болып көрінді. Алайда 1995 жылы қабылданған Конституцияны реформалаумен шектеліп, оның негізгі мән-мазмұнын сақтау жөнінде шешім қабылдадым. Осы арқылы Конституцияның басты ережелерінен айнымайтынымызды дәлелдедік. Сондай-ақ ел бірлігі, халықтың тыныш әрі берекелі өмірін қамтамасыз ету және ішкі саяси тұрақтылықты сақтау секілді мемлекетіміздің жоғары құндылықтарын берік ұстанатынымызды көрсеттік.

Осы шешімнің арқасында бүгін Конституцияның 30 жылдық мерейтойын атап өтіп отырмыз. Дегенмен жаңа саяси жағдайға, қоғамды жан-жақты жаңғырту міндеттеріне сай келмейтін Конституциядағы ережелер референдум арқылы жойылды. Сондықтан нақты реформаның нәтижесінде Конституция баптарының үштен бірі жаңартылды. Бұл – конституциялық реформа ауқымның айқын көрсеткіші. Көп жылдан бері қоғамның көкейінде жүрген Әділдік, Ашықтық, Есептілік, Жауапкершілік қағидаттары Ата Занда көрініс тапты. Азаматтардың Конституцияға сенімі нығая түсті. Референдум өткізудегі басты мақсат осы болатын.

Сондай-ақ еліміздің саяси жүйесінде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орнықты. Бұл билікте өзара тиімді байланыс пен тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік берді. Президенттің жеті жылға бір рет ғана сайлануы ел тарихындағы аса маңызды саяси-құқықтық бетбұрыс деп айтуға толық негіз бар. Себебі мұндай жағдай Қазақстанда бұрын-соңды болған емес.

Осылайша, елімізде биліктің бірегей үлгісі пайда болды, яғни мемлекеттік басқару жүйесі арқа қағидаға сай жұмыс істей бастады, сол арқылы мемлекеттегі саяси үдерістер әлдеқайда түсінікті, болжамды, айқын бола түсті. Нақты айтқанда, Президенттің жақын туыстарына билік жүйесінде лауазымды қызмет атқаруға тыйым салынды. Биліктің отбасылыққа тосқауыл қойылды. Бұл да өте қажетті қадам болды.

Халықтың осы шешімі – аса маңызды саяси-құқықтық жаңашылдық, әлемде баламасы жоқ конституциялық инновация.

2019 жылдан бері біз кезең-кезеңімен бірнеше саяси реформа жүргізіп, саяси жүйені дәйекті түрде жаңғырттық. Осы залда отырған азаматтардың көбі сол үлкен өзгерістердің бел ортасында жүрді. Ашығын айтқанда, біз біршама кедергіге тап болдық. Саяси ортаның белгілі бір бөлігі қоғамды жаңғыртуды көздейтін бастамаларымызға күмәнмен қарады, тіпті қабылдай алмады.

Бүгінде біз тандаған стратегиялық бағыттың дұрыс екеніне көзіміз жетті. Бұл елімізді өркендетті қоғам құру жолына бастады. 2022 жылы өткен референдум ұлтымызды бұрын-соңды болмаған деңгейде ұйыстырып, мемлекет алдындағы стратегиялық міндеттердің төңірегіне топтастырды. Азаматтарымыздың жаңа саяси бағдарды бірауыздан қолдауы алға ілгерілеуден басқа жол жоқ екенін айқын көрсетті. Тарихи өлшем тұрғысынан өте қысқа уақыт ішінде қоғам саяси кемелдік пен азаматтық жауапкершілікті күшейтетін іргелі өзгерістерді бастан өткерді. Әділетті Қазақстанды құру процесін енді ешкім тоқтата алмайды. Өткенге оралуға, ең алдымен, еліміздің жастары жол бермейді. Білімді жас ұрпақ келешекке көз тігеді. Олар Қазақстанды жаңа заманның талабына сай келетін өркендетті мемлекет ретінде көргісі келеді.

Түптеп келгенде, конституциялық реформа саяси жаңғыру үдерісіне зор серпін берді. Парламенттің рөлі артты, Үкіметтің жауапкершілігі күшейді. Орталық және жергілікті атқарушы биліктің құзыреті қайта бөлінді. Жаңа талапқа сәйкес Президент, Сенат, Мәжіліс және

мәслихаттар сайлауы өтті. Өкілді билікке әртүрлі көзқарастағы саяси күштер мен азаматтар келді. Түрлі саяси партиялар Парламенттен орын алды. Аралас сайлау жүйесі тәуелсіз үміткерлерге жол ашты. Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының 90 пайызы бір мандатты округтен сайланды. Төрт жылдың ішінде барлық ауыл әкімдері жаңа ережеге сәйкес сайланды. Олардың көбі – бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар. Осылайша, билікке жаңа буын өкілдері келіп жатыр. Биылдан бастап аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды. Бұл – Орталық Азия аймағында бұрын-соңды болмаған тәжірибе.

Елімізде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы орныға түсті. Азаматтарымыз ел өміріне қажетті шешімдерді қабылдау үдерісіне белсене қатысатын болды. Әсіресе, реформаларды жүзеге асыру ісінде билік пен қоғамның мүддесі бір екені анық байқалды. Елдегі өзгерістер, ең алдымен, халықтың игілігі, ұрпақтың болашағы үшін жасалып жатыр. Мен бүгінгі мерейлі сәтте осы тарихи қадамды жасауға үлес қосқан барша азаматқа алғыс айтамын.

Біздің қазіргі Конституциямыз – өркениетті болашаққа жол ашатын, халқымыздың игілігіне қызмет ететін Ата Заң. Біз бір ел болып қолға алған реформалар Конституциямыздың жасампаз рухын күшейте түсті. Бұл кезең еліміздің тарихында түбегейлі жаңғыру кезеңі болып қалары анық.

Ата Заңымызда «Қазақстанның ең қымбат қазынасы – Адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Бұл – әрдайым мүлтіксіз орындалуға тиіс қағида. Осыған орай, нақты реформа жасалды. Еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз ететін аса маңызды институт – Конституциялық сот құрылды. Енді азаматтар қандай да бір заң өз құқығы мен бостандығына нұқсан келтіреді деп санаса, Конституциялық сотқа жүгіне алады. Екі жарым жыл ішінде бұл органның қарауына 11 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Бұл халықтың жаңадан енгізілген конституциялық бақылау институтына сенімі жоғары екенін көрсетеді. Конституцияға қайшы көптеген нормалар құқықтық жүйеден алынды.

Бұдан былай Конституциялық соттың шешімі мен құқықтық ұстанымы әділдік рухына сай келетін жаңа заңнамалық қолданыстың негізіне айналды. Өкімшілік рәсімдік-процестік кодексті енгізу нәтижесінде азаматтардың мемлекетпен жария-құқықтық қатынастарын реттеу тәсілдері түбегейлі жаңарды. Кодекстегі жаңа новеллалар арқылы соттардың тек мемлекет мүддесін қорғауға бағдарланған әлепкі ұстанымы жақсы жағына өзгерді. Сот үкімінде субъективтілік азайып, анағұрлым әділетті шешімдер шығарыла бастады.

Қазіргі статистика азаматтар мен кәсіпкерлердің мемлекеттік органдарға қарсы істерде 60 пайызға дейін жеңіске жететінін көрсетіп отыр. Жұрттың деңгейін реформалар сот жүйесіне сенімді айтарлықтай арттырды. Судьяларды іріктеу және тағайындау үдерісін әділ әрі ашық етіп, олардың тәуелсіздігін күшейтті. Сот әкімшілігі жетілдіріліп, сот ісін жүргізуді цифрландыру басталды. Бұрын азаматтар іске қатыса шағымдану мүмкіндігі жоқтығына жаны арыздататын. Сондықтан кассациялық соттарды құру және биылғы 1 шілдеден бастап «жаппай» кассация қағидатын енгізу Қазақстанның сот жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадамдардың бірі болды.

Конституциялық реформа нәтижесінде прокуратура органдарының қадағалаушылық құзыреті күшейтілді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Еліміздің барлық аймағында өкілдіктері ашылды. Енді Уәкілдің тәуелсіздігі мен иммунитетіне Ата Заң кепілдік береді. Бұдан бөлек, Омбудсмен Бас прокурор сияқты Конституциялық сотқа жүгіну құқығына ие болды.

Заң үстемдігін қамтамасыз ету – біздің стратегиямыздың ең маңызды қағидасы. Бұл – өркениетті және озық қоғамның басты өлшемі. Қоғамымызда заң мен тәртіп сақталмаса, ешқандай жетістік пен ілгерілеу болмайды, бұл – анық нәрсе. Заңды сыйлайтын ел қашанда берекелі болады. Сондықтан мен әр сөзімде

заң мен тәртіптің маңызын ерекше атап өтіп жүрмін. Басқаша айтқанда, бұл – бізге дәстүрлі болмысымызды өзгерту қажет деген сөз. Заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну ұлтымыздың қанына сіңіп, қасиетіне айналуы қажет.

Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген сөзі қазіргі таңда аса өзекті. Сондықтан заңды қасақана бұзатын азаматтарға, қоғамдық тәртіпке және тұрақтылыққа кері әсер ететін әрекеттерге міндетті түрде құқықтық баға беріледі.

Мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбие жұмысын күшейту қажет. Балаларға заңдарды қарапайым тілмен түсіндірген абзал. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі арқылы тиісті жұмыс жүргізілуі керек. Жастардың құқықтық сана-сезіміне отбасындағы тәрбие де зор ықпал етеді. Мұны ешқашан ұмытпауымыз керек. Ата-ана, мектеп және мемлекет күш жұмылдырып, бала тәрбиесіне баса мән бергені жөн. Сонда ғана заңға бағынатын, өзінің де, өзгенің де құқығына құрметпен қарайтын ұрпақ тәрбиелейміз. Заң мен тәртіп – Әділетті Қазақстанды құрудың басты алғышарты.

Жалпы айтқанда, біз мемлекеттік саясатта терең өзгеріс жасалдық. Конституциялық реформа осы ауқымды жұмыстың берік құқықтық арқауы болды. Сол арқылы саясатта, экономикада, әлеуметтік салада, сот жүйесінде «Әділетті мемлекет» қағидатын жүзеге асыруға жол ашылды.

Конституцияда жер және барлық табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені айқын көрсетілген. Осы қағидатты іс жүзінде орындау үшін маңызды шаралар қабылданды. Менің тапсырмаммен «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы әзірленді. Қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының жартысы балалардың арнайы есеп-шотына жіберілетін болды. Бытырдан бері Ұлттық қордан 1,5 миллиард доллардан астам қаржы бөлінді. Бұл – жас ұрпақтың болашаққа нық сеніммен қарауына мүмкіндік беретін мемлекетіміздің өте маңызды шешімі. Мұның бәрі – жанарған Конституцияның жемісі. Ата заң, шын мәнінде, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын толыққанды әрі тиімді құралға айналды. Бірқатар маңызды заңдар мен арнайы жоспарларды қабылдау арқылы қолданыстағы Конституцияның орасан зор әлеуеті іске асырылып жатыр.

Бытыр Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заң қабылданды. Бұл адамды еркінен тыс қандай да бір жолмен пайдалануға болмайтынына кепілдікті күшейтті. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза едәуір қатандатылды. Некелесуге мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді. Адам ұрлағандар да қатаң жазаланды. Сонымен қатар қылмыстық сот үдерісін ізгілендіру және оның тиімділігін арттыру үшін нақты қадамдар жасалды, тиісті кодекстерге ауқымды түзетулер енгізілді.

Конституцияның мерейлі белесіне орай Рәқымшылық туралы заң қабылданды. Себебі мемлекет қылмыспен күрес саясаты мен әлеуметтік әділдік мәселесіне келгенде адамгершілік құндылықтарын басты орынға қояды.

Конституция әрдайым адам құқығының темірқазығы болуға тиіс. Бұл – мемлекет саясатындағы бұлжымас қағида. Конституциямыз алдағы уақытта да халқымыздың жарқын болашағына жол ашатын ең басты құжат болып қала бермек.

Ата Заң еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуды, сондай-ақ заңды мүлтіксіз сақтау және адал азамат идеологиясын ілгерілетуді көздейтін жаңа қоғамдық келісімнің айқын нышанына айналды. Заң үстемдігі – әділетті қоғам құруға және азаматтарымыздың берекелі өмірін қамтамасыз етуге апаратын төте жол. Сондықтан тағы да қайталап айтамын: еліміздің барлық азаматтары заңды құрметтеп, сақтауы керек.

Қазақстанның заңгерлер қауымдастығы азаматтарымызға Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіріп, Заң мен тәртіп қағидатына сай қоғамдағы әрбір әрекетіне жауапкершілікпен қарауға үндеуі қажет.

Қазақстан Конституциясы ұлтымыздың кемелдігі мен болашаққа ұмтылысын бүкіл әлемге паш етеді. Конституцияның әр жолы мен рухын

сақтау, соның негізінде жоғары құқықтық мәдениет пен ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру – еліміздің келешектегі табысының кепілі. Мұны барша халық түсінуге тиіс.

Геосаяси тұрақсыздық белең алып, технология көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан кезеңде заңнаманы ұдайы жаңғыртудың маңызы зор. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект мемлекет пен қоғамды өркендетудің мүлдем жаңа ұғымдары мен тәсілдерінің пайда болуына ықпал етті. Көптеген елде адамның рөлі мен орны, жалпы оның постгуманистік әлемде тіршілік етуі жөнінде қоғамдық және парламенттік пікірталастар қызу жүріп жатыр.

Биотехнологияның жедел дамуы да біраз сұрақ туындатады. Оның салдары күрделі құқықтық коллизияға және қалыптасқан этикалық нормалардың ескіруіне әкеліп соғуда.

Заң шығарушылар халықаралық құқық жүйесін қайта құру арқылы өз елінің егемендігін сақтау міндетімен бетпе-бет келеді. Сондықтан конституционализм ешқашан бір орында тұрмайды. Ол заң шығару үдерісімен тығыз байланысты. Алайда оған мүлдем жаңа технологиялық, экономикалық және геосаяси жағдайлар әсер етеді. Бұл мәселені Қазақстанның кәсіби заңгерлер қауымдастығы жан-жақты зерттеп, ұдайы назарда ұстауға тиіс деп санаймын.

Ұлт заңы – Конституциямыздың жасампаздық күші зор. Өйткені Ата Заңның әр бабында барша азаматтарымызға ортақ құндылықтар мен біртұтас халқымыздың мақсат-мүддесі бар. Конституциялық, саяси, экономикалық реформалардың, халқымыздың орасан зор күш-қуаты мен әлеуетінің, сондай-ақ білім, ғылым және мәдениет саласына салынған ауқымды инвестициялардың арқасында елімізде шын мәнінде жақсы өзгерістер жасалып жатыр. Жақсыны жақсы деп айту керек. Бұл да әділеттілік көрінісі.

Оқушыларымыз бен студенттеріміз беделді халықаралық олимпиадаларда топ жарып жүр. Спортшыларымыз әлемдік сайыстарда жеңімпаз болып, еліміздің мерейін асыруда. Алдына нақты мақсат қойған азаматтарымыздың бәрі білім, ғылым, өнер, бизнес және басқа да көптеген салада табысқа жетуде. Қазақстан халықаралық қауымдастыққа ашық мемлекет, бізде ғаламтор еркіндігі бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Елімізде бірде-бір желінің негізгі арнасы жабылған жоқ, барлық азаматтарға әлемдік жаңалықтардың көздеріне жол ашық. Біздің азаматтарымыз шетелге еркін барып тұрады. Ал жастарымыз өздері тандаған университеттерде білім алуға, оларға ешқандай тосқауыл, кедергі жоқ. Осындай мемлекеттік саясат өз жалғасын табады.

Көптеген елдің жастары бізді болашағы жарқын мемлекет ретінде таниды, Қазақстанға келгісі келеді, келіп те жатыр. Еліміздің мақсаты – айқын, келешегі – зор. Біз цифрландыру мен жасанды интеллектіні ел игілігіне қолданатын озық мемлекет боламыз деп белсенді түрде жұмыс істеп жатырмыз.

Қазір Қазақстанның барлық аймағында мыңдаған шақырым жол салынып, жөнделуде. Өуежайлар мен көпірлер бой көтеріп, су нысандарының құрылысы басталып жатыр. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және басқа да маңызды инфрақұрылым салынууда.

Жалпы Үкіметке инфрақұрылымдық құрылыстың сапасына баса мән беру қажет деген қатаң нұсқау берілді. Бұл мәселе Үкіметтің және құқық қорғау мекемелерінің бақылауында болады.

Елімізде жыл сайын көптеген өндіріс орындары ашылатын болды. Әсіресе, жоғары технология саласындағы кәсіпорындар іске қосылууда. Осылайша, біз ұлттық экономикамыздың мықты индустриялық негізін қалап жатырмыз. Инвестиция тартып, бизнеске қолайлы жағдай жасап, аймақтарды қолдау үшін жүйелі жұмыс істелуде. Соның нәтижесінде биылғы жеті айдағы экономикалық өсім 6 пайыздан асты. Мұның бәрі аяқастынан пайда болған жоқ. Бұл – қажырлы еңбектің және табанды түрде жасалған түбегейлі реформалардың нәтижесі. Жүйелі және үйлесімді жұмыс пен берекелі бірліктің арқасында еліміз жаңа кезеңге қадам басты.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан біртіндеп дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Енді бос сөзге берілмей, жан-жақты өркендеуге бастайтын осы бағдарымыздан айнамай, тек қана алға ұмтылуымыз керек. Сонда біз озық ойлы ұлт болып, теңдессіз табысқа қол жеткіземіз, биік белестерді бағындырамыз.

Біз бәріміз төл тарихымызға қазақтың қайта жаңғыру дәуірінің өкілі ретінде енуге тиіспіз. Себебі бәріміз бір дәуірде өмір сүреміз, еліміздің болашағына бірге жауаптымыз. Біздің ұрпақ міндетті түрде үлкен жетістікке куә болып, табысқа жетуі керек. Балаларымыз бен немерелерімізге дамыған, өркеннетті, құқықтық ел қалдыруымыз қажет. Бұл – біздің тарихи борышымыз. Осы мақсатқа жету үшін біз қазір Әділетті, Таза, Қауіпсіз әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Түптеп келгенде, бұл – ұлттық идеология.

Біздің басты міндетіміз – озық ойлы, бәсекеге қабілетті ұлт болу, халықтың әл-ауқатын арттыру, елдегі тұрақтылықты сақтап, қоғамдық келісімді қамтамасыз ету. Сондықтан қазақ елінің кастерлі төлқұжаты – Конституциямыздың әр бабы мүлтіксіз орындалады. Бұл – баршаға ортақ міндет.

Бәріңізге мәлім, мен 8 қыркүйекте халыққа Жолдауымды жариялаймын. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік саясатындағы маңызды мақсат-міндеттерді айқындаймын.

Ардақты ағайын!

Конституциямыздың 30 жылдығы – еліміз үшін тарихи меже.

Бүгін арамдыда Конституциямыздың алғашқы жобаларын әзірлеуге қатысқан азаматтар отыр. Соңғы конституциялық реформаны жүзеге асыруға белсене атсалысқан бұрынғы депутаттар мен белгілі ғалымдар бар. Бәріңізге зор ризашылығымды білдіремін.

Мен Конституцияның 30 жылдығына орай мемлекеттік наградамен, соның ішінде мерекелік медальдар бар, бір топ азаматты марапаттау туралы шешім қабылдадым.

Баршанызға амандық, табыс тілеймін! Конституциямыздың айбыны асқақ болсын!

АТА ЗАҢДЫ
АРДАҚТАУ –
ӘРБІР
АЗАМАТТЫҢ
ПАРЫЗЫ

Биыл 631 млрд 400 млн теңгеден астам инвестиция тартуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Оның 7 айдағы көрсеткіші – 351 млрд 800 млн теңге. Жоспардың орындалуы бойынша Қызылорда облысы республикада бірінші орында.

2025-2028 жылдары аймақта құны 2 трлн теңгеге жуық 89 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл 302 млрд 500 млн теңгеге 27 жоба іске қосылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен Әділетті, Озық, Таза, Қауіпсіз және Қуатты Қазақстанның іргесі қалануда. Егемендігіміз баянды, Тәуелсіздігіміз мәңгілік, Ата Заңымыз тұғырлы болғай! – деді облыс әкімі.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы қарсаңында еңбекте жоғары нәтижеге қол жеткізген жерлестеріміз марапат төрінен көрінді. Еңбек ардагері Кенесбек Махамбетовке «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы беріліп, бірқатар азаматқа мерекелік медаль табысталды. Сонымен қатар, әртүрлі сала мамандары Қызылорда облысының Құрмет грамотасы және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, аймақтың сәулеттік келбетін айшықтап, жұртшылықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына, жалғыз баспанасыз апатты деп танылған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер (5148) сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныс тойын тойлады. Барлық аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ға жуық пәтер табысталды. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 3 800 дайын пәтерді сатып алуға 58 млрд 785 млн теңге бөлінді. Көптеген әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне айналды.

2022 жылдан бері жаңадан 15 мәдениет нысаны, атап айтқанда, барлық 7 ауданда «Руханият орталықтары», балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Сауте Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылды.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Қызылорда қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен «Достық үйінің» жаңа ғимараты бой көтеріп келеді. Нысан алдағы қараша айында пайдалануға беріледі.

Жас ұрпақтың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру бағытында бірқатар жұмыс атқарылуда. Қаржыландырудың барлық көзінен 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

1-бет «СБ» ақпарат

МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ
ШЫН МҰҚТАЖҒА ЖЕТУІ ТИІС



Ермеқ Көшербаев Мемлекет басшысының бюджет қаржысын тиімді жоспарлау, мақсатқа сай бөлу мен игеру жөнінде нақты міндеттер жүктегенін айтып, атқарылатын істерге тоқталды.

– Мемлекет әлеуметтік салаға айрықша назар аударуды жалғастыруда: республикалық бюджеттің 40%-дан астамы дәстүрлі түрде азаматтарды қолдауға бағытталады. Маңыздысы – мемлекеттік қолдау шынымен мұқтаж жандарға жетуі тиіс, – деді Ермеқ Көшербаев.

Іс-шара барысында Жоғары аудиторлық палата мен салалық министрліктер анықтаған әлеуметтік төлемдерді мақсатсыз пайдалану фактілері қаралды.

Мысалы, заңды негізі жоқ азаматтардың жәрдемақы алуы, жұмыссыздық және декреттік төлемдерді тағайындау кезіндегі алаяқтық жағдайлар, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қаражатын стоматологиялық қызметтерге мақсатсыз пайдалану, мектептегі тамақтандыру мен атаулы әлеуметтік көмек тағайындауда жағдайы бар отбасыларға жеңілдіктер беру. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше, биыл 1 тамыздағы жағдай бойынша 429 мың жұмыссыз азамат тіркелген. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы төлеуге Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорында 127 млрд теңге қарастырылған. Алайда бұл көмекті іс жүзінде мұқтаж емес адамдар да алған жағдайлар анықталған.

Семинарда Светлана Жакыпова мен Ғани Бейсембаев күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Облыс әкімі өңірде атқарылған жұмыстарды баяндады.

– Президент тапсырмасына сәйкес облыс бюджетін оңтайландырудың кешенді шаралары қабылданды.

«Фейс-бақылау» мобильдік қосымшасы арқылы облыс балабақшаларына жалған тіркелген

1-бет

19263 бала анықталды, яғни, «ауадағы» бала-лардан 28 млрд 100 млн теңге үнемделді.

Осы қосымша арқылы балалардың балабақшаға күнделікті келуі қадағаланды. Емхана-ның жалған анықтамаларын тіркеу мен негізсіз демалыс күндерін анықтау есебінен 6 млрд 700 млн теңге (2023 ж. – 3,0 млрд тг, 2024 ж. – 3,7 млрд тг) бюджетке қайтарылды. Балабақша-лардағы мемлекеттік тапсырыс көлемін айқын-дау функциясы жергілікті атқарушы органдарға берілген соң, бір балаға арналған қаржының орташа көлемі қайта есептеліп бекітілді. Осы-лайша 6 млрд 300 млн теңге бюджет қазынасында қалды.

Кейінгі үш жылда мектепке дейінгі ұйым-дарға бөлінген 41 млрд 100 млн теңгенің мақ-сатсыз жұмсалуына жол берілмеді.

2023 жылдан бері облыстық бюджет есебінен 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектепке 2900 орындық қосымша ғимараттар салынып, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты, бұл бастама жаңа мектепке қажеттілік туында-қан жоқ, 5 млрд теңгеге жуық бюджет қаражатын үнемдеді.

Биылғы наурыз айынан «Арт спорт» бағ-дарламасына енгізілген адамның жеке басын анықтайтын «Фейс айди» биометриялық техно-логиясы арқылы ақпараттық жүйедегі ай сайынғы есептік табельдер тексерілді. Өткен жылмен салыстырғанда ай сайынғы төленетін қаржы 70 пайызға үнемделіп, 2023-2025 жыл-дары бөлінген 13 млрд 31 млн теңге бюджетке қайтарылды. Оған қоса жаңадан құрылған 19 848 жұмыс орының шынайылығы сараланды. Талапты бұзған жұмыс берушілермен келісім-шарттар мерзімінен бұрын тоқтатылды, 614 млн 400 мың теңгенің мақсатсыз жұмсалуының жолы кесілді.

Зансыз төленген 39 жағдай анықталып, 16 млн 400 мың теңге қаржы бюджетке кері



/// «КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

ЖАҢА ДӘУІР
ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ОЛЖАСЫ

Аймақ басшысы құттықтау сөзінде саладағы жетістіктер туралы айтты.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Баланың бәрі бірдей. Ауыл баласы мен қала баласының білім алу мүмкіндігі де бірдей болуы керек. «Келешек мектептері» жобасының негізгі мақсаты да – осы», деген болатын.

Жаңа оқу жылынан бастап бұл мектеп-лицейде мектепалды даярлық сыныптары ашылып, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер тереңдетіліп оқыты-лады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған білім ордасы оқу мен ізденіс арқылы әр баланың бола-шағын айқындап, елдің дамуына жол ашады.

Президент пен Үкіметтің ерекше қол-дауымен Сыр өңірінде байыпты баста-малар, жасампаз жобалар жүзеге асуда.

Облыс бюджеті 823 млрд 400 млн теңгені құрап, 2022 жылдан бері 226 пайызға өсті. Бұл қаражат өңірдің ең өзекті мәселелерін шешуге, тұрғын-дардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

Тұрақты қолдаудың арқасында өңірі-міздің білім саласы толағай табысқа жетіп келеді. Сәулеті мен келбеті келіскен жаңа мектептер бой көтерді. Соңғы үш жылда салаға 812 млрд 245 млн теңге, биыл 346 млрд 800 млн теңге қаралды. Қаржылан-дырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд 800 млн теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды.

Мемлекет басшысының бастама-сымен қолға алынған «Келешек мек-тептері» ұлттық жобасы аясында 54 млрд 400 млн теңгеге 6900 орындық 10 мектептің құрылысы жүргізіліп, пайда-лануға берілуде. Бүгінде 3300 орындық 7 мектеп ел игілігіне табысталды. Қалған 3 мектептің екеуін салтанатты түрде ашу

1-бет

үшін бас қостық. Тағы бір мектеп Ұстаздар күнінде пайдалануға беріледі.

Жаңа мектептердің ашылуы – бұл жай ғана ғимараттардың салынуы емес, жаңа дәуірде білім алатын озат оқушыларға жаңа мүмкіндіктер сыйлай. 2024-2025 жылдары Қызылорда қаласында 1500 орындық 2 «Келешек мектебін» пайда-лануға бердік. Бүгін, міне, «Арай» мөлтек ауданында құны 8 млрд теңге болатын 1500 орындық мектепті табысталауда. Мұ-ның барлығы жас ұрпақтың игілігі үшін жасалуда, – деді облыс әкімі.

Рәсімде білім беру саласының дамуы-на елеулі үлес қосқан ұстаздар мен құ-рылысты сапалы әрі мерзімінде салған мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс-тың Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Ғани Бейсембаев, Мұрат Әбенев өңір-дегі ауқымды жұмыстарға оң бағасын беріп, құттықтауын жеткізді.

Еске салайық, 2023 жылдан бері об-лыстық бюджет есебінен 5 млрд 700 млн теңгеге 9 мектепке 2900 орындық қосым-ша ғимарат салынып, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. «Білімді қолдау қоры» арқылы 8 млрд 400 млн теңгеге дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты ел игілігіне табысталды. Білім ордасында оқуға еліміздің 17 аймағынан 1445 оқушы өтініш білдіріп, білім бөйге-сінде жоғары көрсеткіштерге қол жет-кізген 200 бала қабылданды. Аталған қор есебінен 2 млрд 333 млн теңгеге Арал ауданы Мергенсай елді мекенінен 150 орындық заманауи мектептің құрылысы жүруде. Нысан қараша айында пайда-лануға беріледі.

Президент тапсырмасына сәйкес ал-дағы үш жылда өңірдегі 51 мектеп күрделі жөндеуден өтеді. Биыл облыстық бюд-жеттен 2 млрд 400 млн теңге бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртылды.

ТОҒЫЗЫНШЫ
«КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ»

«Қызылжарма» ауылындағы «Келешек мектебінің» салтанатты ашылу рәсімі өтті. Оған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Үкімет мүшелері, барлық өңір әкімдерінің орынбасарлары, білім басқармаларының басшылары қатысты.

Облыс әкімі жас ұрпаққа сапалы білім мен сана-лы тәрбие беруде атқарылған ауқымды жұмыстарды атап өтіп, құттықтауын жеткізді.

– Өздеріңіз салтанатты ашылуының куәсі бол-ғалы тұрған №295 орта мектеп – өңірдегі тоғызыншы «Келешек мектебі». Енді бір мектеп Ұстаздар кү-нінде пайдалануға беріледі.

Қызылорда қаласының әл Фараби шағын ауданы мен «Қызылжарма» ауылындағы халық саны кейінгі жылдары бірнеше есе өсіп, мектептер үш ауысымдық оқытуға көшуге жакын қалды. Енді балаларымыз қолайлы әрі қауіпсіз, соңғы үлгідегі заманауи жаб-дықтармен жаракталған, кен мектепте білім алатын болады, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты шарада білім беру саласының дамуы-на елеулі үлес қосқан ұстаздар мен құрылысты сапалы әрі мерзімінде салған мердігер мекеме қыз-меткерлері марапатталды.

Ғани Бейсембаев, Наурызбай Байкадамов құт-тықтау сөз сөйлеп, Сыр өңіріндегі бастамалар мен атқарылған істерді оң бағалады.

Айта кету керек, балалардың қосымша білім беру жүйесін дамыту мақсатында үш жылда 4 «Оқу-шылар үйі» мен 2 «Өнер мектебі» салынып, бүгінде зияткер жас ұрпаққа қызмет етуде. Жақында Шиелі ауданындағы 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебі» іске қосылды.

Өткен жылы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания-сының демеушілігімен заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайы» ашылды.

Қазір қайта жаңғыртудан өтіп жатқан Президент саябағында жыл он екі ай жұмыс істейтін 300 орын-дық заманауи балалар тынығу лагері, Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) салынуда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



Суреттері: Түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

ДАМУ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толды. Бұл – барша қазақстандықтар үшін айрықша маңызы бар тарихи күн. 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңымыз еліміздің демократиялық даму бағытын айқындап, мемлекеттік құрылыстың берік негізін қалады.

Конституцияның басты құндылығы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғарғы қазына деп танылуы. Әрбір азаматтың теңдігі, сөз бостандығы, ар-ождан еркіндігі, білім алу, еңбек ету, денсаулық сақтау сияқты негізгі құқықтары заң жүзінде кепілдендірілді. Бұл қағида-тар Қазақстанды өркениетті мемлекеттер қатарына қосып, қоғамның әділдік пен заңдылыққа деген сенімін нығайтты.

Қазақстанның саяси тарихында 2017 жылғы конституциялық реформа ерекше орын алады. Бұл кезең – елімізде билік тармақтарының өкілеттіктерін қайта бөлу арқылы мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың жана кезеңі еді.

Өзгерістерді қабылдау жан-жақты талқы мен мақұлдауларды кең пайдаланды. Президент Жарлығымен Конституцияға енетін түзетулер мен толықтыруларды қарау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды.

Оның жұмысына – саяси партиялардың, жоғарғы соттың мүшелері, ғалымдар мен саясаткерлер, қоғамдық ұйым өкілдері, Сенат пен Мәжіліс депутаттары да қатысты.

Мен осы кезде ҚР Парламенті Сенатының аграрлық саясат және ауыл-аймақты дамыту жөніндегі комитет мүшесімін. Сондықтан, мемлекеттік комиссия жұмысына қатысуға бізді де шақырды.

Сенат депутаты ретінде талқылауларға қатысып, түзетулер енгізу мен нормаларды нақтылау жұмыстарына атсалыстым. Сенат қабырғасында бұл өзгерістер жан-жақты қаралып, қоғам мен мем-

лекет мүддесін тең ұстау мәселесіне ерекше мән берілді.

Осы кезеңде қабылданған бұл конституциялық түзетулер мемлекеттік билік тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуіне, Парламенттің заң шығару қызметін күшейтуіне, атқарушы органдардың халық алдындағы есептілігін арттыруына ықпал етті.

Негізгінен мынадай өзгерістер орын алды:

Президенттің бірқатар өкілеттіктері Парламент пен Үкіметке берілді. Бұған мемлекеттік бағдарламаларды бекіту, бюджеттік саясаттың жекелеген аспектілерін айқындау және атқарушы билік органдарының қызметіне қатысты кейбір функциялар кірді.

Парламенттің бақылау рөлі күшейді. Енді Үкімет мүшелерінің жұмысына жауапкершілік артып, Мәжіліс депутаттары сенімсіздік білдіру құқығын кеңінен пайдалана алатын болды.

Үкіметтің дербестігі артты. Бұрын көптеген шешімдер тікелей Президент Әкімшілігі арқылы қабылданатын болса, реформадан кейін Үкімет өз жауапкершілігімен дербес шешім қабылдауға көбірек мүмкіндік алды.

Конституцияға енгізілген өзгерістер азаматтардың құқықтарын қорғауға қосымша кепілдік берді. Нақтырақ айтқанда, заң шығару процесінде Парламенттің ықпалы артып, халықтың мүддесі мен қажеттілігі заңнамалық деңгейде кеңірек ескерілетін болды.

Сот жүйесінің тәуелсіздігіне баса назар аударылды. Судьяларды тағайындау мен сот корпусының жауапкершілігін арттыруға қатысты нормалар нақтыланды.



Бұл өзгерістер Қазақстанның саяси жүйесін эволюциялық жолмен демократияландыруға мүмкіндік берді. Ең бастысы, Парламенттің – соның ішінде Сенаттың – ел дамуы мен мемлекеттік басқару ісінде ықпалды орган ретіндегі рөлі артты.

Сонғы жылдары, әсіресе 2022 жылғы конституциялық өзгерістер, еліміздің саяси жүйесін одан әрі демократияландыруға зор серпін берді. Парламенттің өкілеттіктері кеңейтіліп, Мәжіліс пен мәслихаттарды құру тәртібі өзгерді, Конституциялық сот қайта құрылды.

Ең бастысы – азаматтардың тікелей Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігі пайда болды. Осыған қатысты Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге де Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін», – деп баға берді.

Аталған өзгерістер халықтың құқықтарын қорғауды күшейтіп, билік пен қоғам арасындағы байланыс арта түсуіне жол ашты.

Осы реформалардың арқасында мемлекеттік басқарудағы ашықтық пен есеп берушілік жаңа деңгейге көтерілді. Қоғамдағы әділдік сезімі нығайып, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімі арта түсті.

Конституцияның 30 жылдығы – тек мерекелеу емес, өткенге тағзым жасап, болашаққа сеніммен қараудың сәті. Қазақстандықтар үшін Ата Заң – ел бірлігінің, тұрақтылық пен келісімнің, жаңа жетістіктерге бастайтын сенімді жолдың символы.

Бүгінгі таңда әрбір азамат Конституцияны құрметтеу арқылы өзінің де, елінің де болашағына үлес қосатынын жақсы түсінеді. Сондықтан 30 жылдық мерейтой – баршамызға ортақ мақтаныш әрі жаңа жауапкершілік.

Бекмырза ЕЛАМАНОВ,
Қызылорда облысының құрметті азаматы,
Қазақстан Республикасы Сенаторлар кеңесінің мүшесі.

/// НАЗАР

ЖАСАМПАЗ ЖОБАЛАРДЫҢ КЕЛІСТІ КЕЛБЕТІ

Қызылордаға жұмыс сапарымен келген делегация мүшелері қаладағы бірқатар әлеуметтік, мәдени және инфрақұрылымдық нысандардың жұмысымен танысты.

Алдымен қайта жаңғыртудан өткен Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы назарға ұсынылып, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясына аялады. Ондағы жасөспірімдер тала-

бын ұштауға бағытталған жобаларға жоғары баға берді. «Анаға тағзым» орталығында ұлттық құндылықтарды дәріптейтін және ананы құрметтеуге үндейтін жобаларға қызығушылық



танытты. Сондай-ақ қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркінде болып, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізу үшін ұсынылған жаңа мүмкіндіктерді тамашалады.

Сол жағалаудағы 11 мың орындық жаңа стадион да назардан тыс қалмады. Мұнда спорт инфрақұрылымының жетістіктерімен танысқан делегация мүшелері алып спорттық нысан жастар және бұқаралық спортты дамытуға үлкен

ықпал ететініне тілектестік білдірді.

Одан кейін делегация облыстық тарихи-өлкетану музейінде болып, Сыр өңірінің бай тарихы және мәдени мұраларына қанықты. Өңірлерден келген қонақтар өзара тәжірибе бөлісіп, алдағы жоспарларды талқылады, атқарылған жұмыстарды жоғары бағалады.

«СБ» ақпарат

/// АУЫС-ТҮЙІС

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы қызметіне Бердібаев Ерлан Құлахметұлы тағайындалды.

Е.Бердібаев Қызылорда қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын 1984 жылы Жаңақорған аудандық қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер инспекторы ретінде бастаған. 1986-1987 жылдары Жаңақорған аудандық қаржы бөлімінің мемлекеттік кірістер экономисі, 1987-1989 жылдары Жаңақорған ауданының Кеңес ауылында №239 орта мектеп мұғалімі, 1989-1992 жылдары Жаңақорған ауданының «Талап» кеңшарының аға экономисі, 1992-1996 жылдары Жаңақорған ауданы әкімшілігі жанындағы экономикалық комитеттің бөлім меңгерушісі, қаржы бақылау комитетінің аға бақылаушысы, тексерушісі қызметтерін атқарған.



1996-1998 жылдары Қызылорда облыстық қаржы комитетінде, 1998-2009 жылдары облыстық салық полициясында еңбек еткен.

2010-2014 жылдары «Болашақ-Шиелі» оқу орталығының директоры және геологиялық

зерттеу экспедициясының №23 учаске бастығы лауазымдарын атқарған.

2014-2015 жылдары қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі башысы, 2015-2017 жылдары қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі башысы, 2017-2019 жылдары Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы әкімшілік-құқықтық жұмыстар бөлімінің башысы болды.

2019-2020 жылдары қала әкімінің орынбасары, 2020 жылдан осы кезге дейін Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің башысы лауазымын атқарып келді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттің негізгі құқықтық құжаты ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы әділеттілік пен теңдік қағидадарының басты тірегі. Конституция демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекетті орнықтырып, халық билігін жүзеге асырудың құқықтық негіздерін бекітеді. Ол – тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесінің өзегін құрайтын, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам құндылықтарын үйлестіретін басты заңы.

ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ТЕҢДІКТІҢ НЕГІЗІ

Конституцияның преамбуласында «еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам» құру туралы мақсат айқын көрсетілген. Бұл тұжырым қоғамдағы әділеттіліктің басымдығын, заң үстемдігі мен азаматтардың тең құқылығын қамтамасыз ету қажеттігін дәлелдейді.

Ата Заң сондай-ақ елдің мемлекеттік құрылымын, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын, басқару қағидадарының айқын-дайтын жоғары заң. Ол – Қазақстанның тәуелсіз мемлекеттілігі мен демократиялық дамуының негізгі іргетасы. Негізгі Заң құқықтық нормаларды бекітіп қана қоймай, халықтың еркін, оның Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітуге ұмтылысын көрсетеді, мұнда адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылықтар болып табылады. Осылайша, Конституция жай ғана статикалық құқықтық құжат емес, ұлттық армандарды қамтитын және қоғамның өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне бейімделетін динамикалық құрал саналады.

Қазақстанның қолданыстағы Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданып, ел тәуелсіздігін құру жолындағы шешуші сәттердің бірі болды. Бұл кезең 1995 жылғы наурыздағы елеулі саяси дағдарыспен ерекшеленді, ол парламенттің таратылуына, үкіметтің отставкаға кетуіне және Президентке уақытша заң шығару өкілеттіктерінің берілуіне әкелді. Мұндай жағдайда Конституция ұлттық бірегейліктің декларациясы ғана емес, сонымен қатар билікті шоғырландыруға және сонымен бірге либералды-демократиялық қағида-тарды бекітуге бағытталған саяси тұрақсыздыққа стратегиялық жауап ретінде әрекет етті.

Конституция жобасын 3 миллионға жуық адам қатысқан кең қоғамдық талқылау және одан кейінгі бүкілхалықтық референдум құжатқа қажетті заңдылықты қамтамасыз етті. Бұл оны жоғарыдан берілген директива ретінде емес, халық еркінің көрінісі ретінде ұсынуға мүмкіндік берді, бұл саяси ландшафтты тұрақтандыруға ықпал етті және елдің ұзақ мерзімді даму траекториясын айқындады.

Конституцияның 1-бабында Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратынын жазылған. Мұндағы «құқықтық мемлекет» ұғымы әділеттіліктің басты тегігі болып табылады. Құқықтық мемлекетте заң үстемдігі қамтамасыз етіледі, яғни мемлекеттік органдар да, жеке азаматтар да Конституция мен заңдарды қатаң сақтауға міндетті.

Заң үстемдігі қағидаты – әділеттілікті жүзеге асырудың негізгі шарты. Конституцияның 4-бабына сәйкес, қолданыстағы құқық Конституцияның өзінен, соған сәйкес қабылданатын заңдардан және халықаралық шарттардан тұрады. Бұл – құқықтық жүйенің біртұтастығын, заң алдындағы бәрінің тең екенін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық азаматтар үшін әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған нақты және жан-жақты ережелерді де қамтиды. Онда тікелей: «Заң мен сот алдында бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына қарай ешкімді кемсітуге болмайды» делінген.

Конституция әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз ету үшін іргелі құжат болып қала береді, ол ұлттың демократиялық құндылықтарға, адам құқықтарына және кемсітушілікке жол бермеу қағидағына адалдығын көрсетеді. Осы қағида-тарды қолдау үшін сенімді құқықтық база мен институционалдық тетіктерді, соның ішінде азаматтар үшін тікелей қолжетімді Конституциялық Сотты құруда елеулі прогреске қол жеткізілді.

Конституциялық Кеңестің құқықтық нормаларды қалыптастырудағы және конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудегі тарихи рөлі осы даму үшін берік негіз қалады.

Осы жетістіктерге қарамастан, конституциялық кепілдіктерді іс жүзінде іске асыруда, әсіресе сот жүйесінің қолжетімділігі мен тиімділігіне, сондай-ақ сот тәртібінің электрондық жүйелерінің тиісті жұмыс істеуіне қатысты елеулі қиындықтар сақталуда. «Әділетті Қазақстан» көзқарасы реформалардың тұрақты қажеттілігін көрсетеді. Қазақстанда конституциялық әділеттілік пен теңдікті толық іске асыру жолы негізгі құқықтық қағида-тар, дамып келе жатқан институционалдық құрылымдар және сақталып отырған практикалық кедергілер арасындағы динамикалық өзара әрекеттесумен сипатталады. Конституциялық түзетулермен және «Әділетті Қазақстан» бастамасымен расталған мемлекеттің адалдығы осы олқылықтарды түсінуді және оларды жою бойынша үздіксіз күш-жігерді көрсетеді, бұл елді прогрессивті құқықтық және әлеуметтік даму жолына қояды.

Қорыта айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Конституциясы әділеттілік пен теңдіктің іргетасы болып табылады. Ол – адам құқықтарын қорғаудың, заң үстемдігін қамтамасыз етудің, әлеуметтік әділеттілікті орнатудың және қоғамдық келісімді сақтаудың негізгі кепілі.

Негізгі Заңда бекітілген қағида-тар – тек құқықтық нормалар ғана емес, сонымен бірге қазақстандық қоғамды біріктіретін жалпыұлттық құндылықтар. Әділеттілік пен теңдікке сүйенген Конституция еліміздің тұрақты дамуы мен азаматтарының бақытты өмір сүруінің негізін қалайды.

Қанат ҚЫПШАҚБАЕВ,
«Болашақ» университетінің жоғары колледжі тарих, құқық пәндері оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші

САРАП

Жалпы, трансплантология – медицина саласының ең ірі жетістігі, ел дамуының басты көрсеткіші. Бүгінде әлемнің алпауыт елдері мүше трансплантациясын жасаудың ең озық үлгілерін қолдануда. Бір адамның ағза мүшелері бірнеше адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Мәселен, жуырда павлодарлық қайтыс болғаннан кейін донор күту парағындағы екі пациентке жана өмір сыйлады. Нақтырақ айтсақ, Павлодар қаласының №1 қалалық ауруханасында қайтыс болғаннан кейінгі донордан, яғни облыстың 44 жастағы тұрғынынан көп ағзалық ағза алу операциясы жүргізілді.

Ағзаларды транспланттау және екі пациенттің өмірін құтқару донор отбасының шешімі мен медициналық мамандардың үйлесімді жұмысының арқасында мүмкін болды. Ағзаларды алуға Ұлттық ғылыми онкология орталығы мен «УМС» корпоративтік қорының трансплантолог дәрігерлері қатысты. Нәтижесінде жүрек пен бүйрек сәтті алынып, трансплантталды. Осылайша бұл жағдай елімізде қайтыс болғаннан кейінгі донорлық және трансплантология мәдениетін дамытудың қаншалықты маңызды екенінің жарқын мысалы болды.

Трансплантация тарихы

Биыл 10 тамыздағы жағдай бойынша донорлар мен реципиенттердің бірыңғай республикалық тізілімінде 4384 наукас ағза ауыстыру кезегін күтуде. Оның ішінде 3890 ересек адам мен 90 бала бүйрек алмастыру үшін кезек күтсе, 201 адам және 21 бала бауыр алмастыруға мұқтаж екен, 25 ересек пен 2 бала өкпе трансплантациясын қажет етсе, жүрек ауыстыратын 143 ересек пен 6 бала бар және 4 ересек пен 2 балаға «жүрек-өкпе» кешенін транспланттау қажет. Ал біздің өңірде облыстық денсаулық сақтау басқармасының қантардағы мәліметі бойынша 764 адам бүйрек, 76 наукас бауыр ауыстыру кезегін күтіп тұр.

Бұл сандар біздің елімізде донорлық және ағзаларды транспланттау жүйесін дамытудың жоғары қажеттілігін айқын көрсетеді.

Жалпы, трансплантация латын тілінен аударғанда «ауыстырып салу» деген мағынаны береді. Медицинада адам мен жануарлар ағзалары мен тінін алмастырып салу ғылымын трансплантология деп атайды. Жарамсыз, дертті органдарды алмастыру – адамзаттың ертеден келе жатқан арманы, биік қиялы болатын. Тері қабатының орнын ауыстырып салу әрекеті алғаш рет біздің заманымыздан бұрын 1500 жылы жасалған. Клиникалық тәжірибеде бұлшық етті, сіңірді, қан тамырларын, жүйке талшықтары мен сүйек кемігін ауыстырып салу жиі қолданылады. Ең жиі алмастырылатын мүше – бүйрек болып саналады екен. Мәселен, 1902 жылы австриялық хирург Е.Ульманн алғаш рет бүйрекке трансплантациялау операциясын жасаған. Әлем ғалымдарының ізденістері арқасында 1953 жылы Биллингэм, Брент және Медава «жасанды бүйрек» аппаратын ойлап шығарды. 1954 жылы Муррей бүйрек алмастыруды сәтті аяқтады. Бұрынғы кеңестік дәуірде мұндай отаны бірінші болып академик-хирург Борис Петровский 1965 жылы жасаған. Ол бүйректі шешесінен алып қызына салған еді. Бауырды алмастыру проблемалары бүйректен кейін қолға алынды. Ал 2011 жылдан бері қазақстандық оташылар Орта Азия мемлекеттері арасында алғаш рет бауыр, жүрек, сүйек кемігін алмастыру операцияларын ойдағыдай іске асырды. Бүйрек ауыстыру оталары елімізде А.Сызғанов атындағы хирургия ғылыми орталығында 1978 жылдан бастап жасалуда. Ал бүгінгі заманауи медицина бір мезгілде жүрек, өкпе, бауыр, сонымен бірге ұйқы безі сынды бірнеше ағза мүшелерін ауыстыруға мүмкіндік беріп отыр.

Аймақтағы ағза ауыстыру ахуалы

Астанада, Алматыда, Ақтөбе және Шымкентте трансплантация орталықтары бар. Біздің өңірде мұндай күрделі ота облыстық көпбейінді ауруханада жасалып жүр. Мәселен, 2014 жылы Қызылордада жас жігітке өзінің туған қарындасы бір бүйрегін берді. Сол кезде Сызғанов атындағы институттан хирургтер арнайы келіп, ота жасады. 2023 жылы да облыстық көпбейінді ауруханада А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты дәрігер Болатбек Баймахановтың бүйрек жетіспеушілігі зардабын тартып жүрген 25 жастағы наукасқа жасаған отасы сәтті өтті. Наукасқа 36 жастағы туысқан ағасы донор болуға келісімін берген.

Ал биыл Сыр медицинасының тарихында айтулы күн болды. Аймағымызда алғаш рет бауыр ауыстыру отасы жасалды. Көпбейінді облыстық ауруханада 40 жастағы еңбекке қабілетті пациентке жасалған бауыр трансплантация отасы сәтті аяқталды. Донор – 1993 жылы дүниеге келген пациенттің туысы. Тоғыз жылдан бері бауыр циррозы дертіне шалдығып, емі



Қолтаңба Г.Өмешова

“

Биыл 10 тамыздағы жағдай бойынша донорлар мен реципиенттердің бірыңғай республикалық тізілімінде 4384 наукас ағза ауыстыру кезегін күтуде. Оның ішінде 3 890 ересек адам мен 90 бала бүйрек алмастыру үшін кезек күтсе, 201 адам және 21 бала бауыр алмастыруға мұқтаж екен, 25 ересек пен 2 бала өкпе трансплантациясын қажет етсе, жүрек ауыстыратын 143 ересек пен 6 бала бар және 4 ересек пен 2 балаға «жүрек-өкпе» кешенін транспланттау қажет. Ал біздің өңірде облыстық денсаулық сақтау басқармасының қаңтардағы мәліметі бойынша 764 адам бүйрек, 76 наукас бауыр ауыстыру кезегін күтіп тұр.

нәтижесіз болған наукас үшін бұл көптен күткен қуаныш. Он сағатқа созылған ота сәтті өтті. Жалпы былтыр ауруханада бүйрекке 6 трансплантация жасалса, жоғарыда айтып өткеніміздей, биыл дәрігерлер бірінші рет бауыр ауыстырды.

Заманауи хирургияда донорлық бауырды сәтті трансплантациялау – созылмалы, асқынған ауруы бар наукастарды қалпына келтіріп, олардың толықтай медициналық және әлеуметтік оналуын қамтамасыз етеді.

Мәйіттік донорды дамыту – өзекті мәселе

Былыр елімізде 250 ағза мүшесі трансплантацияланған. Оның ішінде 227 ағза мүшесі тірі донорлардан, ал 23-і марқұмдардан алынған. Денсаулық сақтау министрлігі ұсынған ақпаратқа қарағанда, 2012 жылдан бері трансплантация бағдарламасы аясында Қазақстанда 2800 операция жүргізілген. Олардың ішінде 2353 операция (84%) – тірі донордан; 447 операция (16%) – қайтыс болғаннан кейінгі донордан.

Ағза мүшелерін трансплантациялау тек медициналық ем-шара ғана емес, бұл – наукас адамдар үшін жана өмірге мүмкіндік. Алайда бүгінде біздің елде оның ілгері басуына кері әсерін тигізіп отырған мәселе бар. Ол – мәйіттік донордың жолға қойылмауы.

Дүниежүзілік статистикаға сүйенсек, мұндай отаның 80 пайызға жуығы қайтыс болған азаматтардың донорлығымен жасалады. Ал біздің елімізде басым бөлігінде наукастарға жақын туыстары донор болуымен ерекшеленеді. Мәйіттен ағза алып

салу жайы – бүгінде сала министрінен бастап мамандарын да алаңдатып отырған өзекті мәселе.

– Қазіргі кезде әлем бойынша мәйіттен ағза алып салу тәжірибесі жасалған, яғни адамның ағзасындағы бүйрек, жүрек, өкпе, ұйқы безі, бауыр және көздің қасаң қабығын келесі адамға ауыстырып салуға болады. Мысалы, жол-көлік апаты болды делік, ал наукас сол аурухана төсегінде жатып

біз оның туыстарын тауып, келісімін алуға тырысамыз. Ал мемлекеттегі кез келген адам тірі кезінде егов арқылы келісетінін болмаса келіспейтінін білдіру керек. Өзінің арызында дүниеден өткеннен кейін ағзасын алуға келіспейтіндігін білдіріп, арыз жазып қойған болса, заң бойынша біз оның ешбір ағзасын ала алмаймыз. Қандай жағдайда да біз туыстарының рұқсатымен ғана әрекет етеміз. Біздің Сыр өңірінде адамдардың 90 пайызы наукастардың жағдайына түсіністікпен қарағанымен, келісім бере қоймайды.

Негізі біздің ислам дінімізде шариғатта, православие дінінде де ағзаларды алуға рұқсат етілген, яғни бір наукасқа көмектесу арқылы сол адам сауапты іс жасайды. Бір адамның өмірін аман сақтап қалғанын бүкіл елге көмек бергеніңмен тең саналады екен. Мұндай жағдай кез келген адамның басына түсіп, оған донор қажет болуы мүмкін. Медицинаның бұл саласы кейінгі 3 жылдан бері Қазақстанда енді ғана күшіне еніп, дамып келе жатыр. Бұл жағынан солтүстік өңірлер белсендірек, яғни мәйіттердің ағзасын донорлыққа беруге оның жақындары, туыстары рұқсаттарын береді. Ал оңтүстік аймақтарда, атап айтқанда, Қызылорда, Шымкент, Тараз өңірлерінде трансплантация турасындағы

“

Мәйіттік ағзаны алып салуда дін ешқандай кедергі келтірмейді, яғни ислам діні болсын, православ діні болсын «мәйіттік донордан трансплантация жасауға болмайды» деген сөз жоқ. Мысалы, Иран қазір трансплантация бойынша әлемде он мемлекеттің қатарына енді. Сауд Арабиясы, Түркия секілді исламдық мемлекеттер де мәйіттік ағзаны алмастырып салу бойынша алдыңғы қатарларда тұр. Сондықтан дінмен байланыстыруға болмайды.

есін жимай кетті. Оған жасалған барлық ем көмектеспегеннен кейін мидың өлімі деген диагноз тіркеліп, оның өзге ағзалары арнайы аппараттың көмегі арқылы жұмыс жасайды. Мұнан соң арнайы мамандардан құралған комиссия мәйіттің ағзаларын алуға байланысты шешім шығарады. Мұның барлығы да бізде заңда көрсетілгендей жасалады. Егер мәйіттің туыстары табылмай жатса не туысы жоқ болса, егер ми өлімі дерегі тіркелген адам тірі кезінде өзінің келісетін немесе келіспейтіндігін білдірмеген болса,

насихат халықтың санасына толық сіңбей жатыр. Көпшілік «ағзасын беруге болмайды» деп ойлайды. Бірақ мен оны дұрыс емес деп есептеймін, – дейді облыстық көпбейінді ауруханада жасалғанына куандым. Басқа қалаға барып, әуре болмадым. Мамандарға алғысым шексіз. Мені мазалатын мәселе – елімізде мәйіттік донордың дамымауы. Осы мәселеге барынша көңіл бөлініп, жан-жақты зерттеліп, тұрғындарға насихатталып, жолға қойылса екен деймін. Себебі біз тірі, сау адамды бір ағзасын алу арқылы мүгедек етіп жатырмыз. Донор табылмаған соң амалсыздан жақынының өмірін құтқару үшін мәжбүрлі түрде ағзасын беріп, өзі де наукасқа айналып жатыр. Сондықтан мәйіттік донорды қолға алатын, жолға қоятын уақыт жетті деп ойлаймын, – дейді Макпал Оралова.

Макпалдың ота жасатқанына енді бір жыл болады. Қазір жағдайы жақсы. Бір жанның өмір сүруіне себепші болған, бір отбасының қуанышқа бөленуіне мүмкіндік берген мамандардың кәсібилігіне, жаныашырылығына тәнті, ризашылығы шексіз. Бүгінде бір бүйрегін берген ағасының да жағдайы жақсы. Екеуі де дәрігерлер бақылауында. Әйтсе де ол гемодиализге барып жүрген күндерін ойласа әлі күнге дейін қамығып қалады. Елімізде Макпал секілді ауру азабын тартып жүргендер қаншама?!

Тіпті олардың саны күн санап артуда. Күту парағында кезекте тұрған сол жандардың «донор табылып қалар» деген әлісіз үміті өшпесе екен.

шысы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлымен маңызды тақырыбы да талқыланды. Соңғы 10 жылдың ішінде Қазақстанда ағзаларды транспланттау саласында елеулі прогреске қол жеткізілді және бүгін біз әлемдік стандарттарға сеніммен қараймыз...

Біз қайтыс болғаннан кейінгі донорлық тақырыбына ерекше назар аудардық. Әлемде бұл мәселеде Испания – көшбасшы, онда 1 миллион адамға қайтыс болғаннан кейінгі донорлық көрсеткіш 49,38-ді құрайды. Өкінішке орай, Қазақстанда бұл көрсеткіш небәрі 0,36.

Біз халықтың хабардар болуын арттыру және діни көшбасшылар арқылы осы тақырыпты түсіндіру үшін белсенді жұмыс істеуіміз керек. Мүфтиятпен диалогта біз проблемалар бойынша ортақ түсінік таптық және діни лидерлердің мешіттер мен қауымдастықтарда қайтыс болғаннан кейінгі донорлық пен вакцинациялау мәселелерін түсіндіруге қатысуы адамдарға саналы және жауапты шешім қабылдауға көмектеседі деп үміттенеміз... – деді А.Әлназарова.

– Кейінгі 10-15 жылда ағза алмастыру елімізде жана бағытта дамып келеді. Оның ішінде Қызылорда облысы республикада бүйрек, бауыр трансплантациясын жасайтын бесінші аймақ қатарына енді. Жыл басында туыстық бауыр трансплантациясы жасалды. 2023 жылдың аяғынан бері бүйрек ауыстыру отасы қарқынды қолға алынып, былтыр 6 трансплантация жасалды. Дегенмен күту парағында кезекте тұрған наукастар әлі көп. Елімізде мәйіттік донордан жасалатын ота небәрі 10-15 пайызға жуығын ғана құрайды, басым көбі туыстық донор. Бұл өте аз көрсеткіш. Ал күту парағында кезекте тұрушылар саны күннен-күнге көбеюде. Олардың өмір сүру уақыты санаулы.

Мәйіттік ағзаны алып салуда дін ешқандай кедергі келтірмейді, яғни ислам діні болсын, православ діні болсын «мәйіттік донордан трансплантация жасауға болмайды» деген сөз жоқ. Мысалы, Иран қазір трансплантация бойынша әлемде он мемлекеттің қатарына енді. Сауд Арабиясы, Түркия секілді исламдық мемлекеттер де мәйіттік ағзаны алмастырып салу бойынша алдыңғы қатарларда тұр. Сондықтан дінмен байланыстыруға болмайды. Басына түспей бұл мәселені ешкім түсінбейді. Адам қайтыс болған соң біз туыстарынан рұқсат сұраймыз, бірақ қайғы үстіндегі жандар дұрыс түсінбей жатады. Сондықтан тірі кезінде әр адам шешім шығарып, келісімін беріп қойса жақсы болар еді. Келісім беру-бермеу егов арқылы жүргізіледі, – дейді облыстық көпбейінді аурухана бас дәрігері Жасұлан Баймаханов.

Материалды дайындау барысында былтыр бүйрегін ауыстырған қала тұрғыны Макпал Оралованың пікірін білген едік. Күрделі отаны басынан өткерген ол мәйіттен алынатын ағза алмастыру мәселесіне мән беретін уақыттың жеткенін айтады.

– 2016 жылдан бері бүйрек жетіспеушілігімен есепте тұрамын. 2024 жылы трансплантация жасалды. Оған дейін Корея елінде Сеул қаласында ем алдым. Бірақ былтыр қатты ауырып, жағдайым нашарлап кетті, шұғыл түрде трансплантация жасау керек болды. Донорды жан-жақтан қарастырдық. Өкініштігі біздің елде мәйіттік донор дамымаған екен, кезекке тұрғанмен ұзақ күту керек болды. Тіпті он жылдан кезекте тұрғандар бар екен. Сондықтан туыстық донорға жүгінуге тура келді. Өзімнің туған ағам бір бүйрегін берді. Күрделі ота облыстық көпбейінді ауруханада жасалды. Отаның жергілікті ауруханада жасалғанына қуандым. Басқа қалаға барып, әуре болмадым. Мамандарға алғысым шексіз. Мені мазалатын мәселе – елімізде мәйіттік донордың дамымауы. Осы мәселеге барынша көңіл бөлініп, жан-жақты зерттеліп, тұрғындарға насихатталып, жолға қойылса екен деймін. Себебі біз тірі, сау адамды бір ағзасын алу арқылы мүгедек етіп жатырмыз. Донор табылмаған соң амалсыздан жақынының өмірін құтқару үшін мәжбүрлі түрде ағзасын беріп, өзі де наукасқа айналып жатыр. Сондықтан мәйіттік донорды қолға алатын, жолға қоятын уақыт жетті деп ойлаймын, – дейді Макпал Оралова.

Макпалдың ота жасатқанына енді бір жыл болады. Қазір жағдайы жақсы. Бір жанның өмір сүруіне себепші болған, бір отбасының қуанышқа бөленуіне мүмкіндік берген мамандардың кәсібилігіне, жаныашырылығына тәнті, ризашылығы шексіз. Бүгінде бір бүйрегін берген ағасының да жағдайы жақсы. Екеуі де дәрігерлер бақылауында. Әйтсе де ол гемодиализге барып жүрген күндерін ойласа әлі күнге дейін қамығып қалады. Елімізде Макпал секілді ауру азабын тартып жүргендер қаншама?!

Тіпті олардың саны күн санап артуда. Күту парағында кезекте тұрған сол жандардың «донор табылып қалар» деген әлісіз үміті өшпесе екен.

Айнұр БАТТАЛОВА.
«Сыр бойы»

/// РЫСТЫ БЕКБЕРГЕНОВА 95 ЖАСТА

Ол 1930 жылы Ресейдің Астрахань облысы, Володар ауданында дүниеге келді. Өзінің айтуынша, олардың үйі қаладан 40 метрдей қашықта, Еділ өзенінің енді тұсында орналасқан. Балалық шағында асау толқыны ақ көбік атып, тулап жататын өзеннің жағасына келіп, алыс армандарына көз жіберетін. Алайда оған жету жолында өмірдің ойлы-қырлы, бұралаң соқпағын жүріп өтуі керек екенін сол кезде білген жоқ...



тына дем беріп, қиялын канаттандыра түсті.

Сұлуымен кейде осы мен,
Шалқыған көңіл хошымен.
Жаркылдап бір сәт
жайнаймын,
Бір жүрген жандай
досымен.

Түнжырап тағы қаламын.
Түніне ұқсап даланың.
Аңкылдайтын да

шағым бар,

Мінезіндей баланың, – деген жыр жолдарынан калам иесінің шығармашылық адамына тән кейде шуақты, кейде мұңды көңіл-күйдің иесі екенін байқаймыз.

«ҚазҰУ-дің» үшінші курсында оқып жүрген студент Рысты Бекбергенова Қызылорда облыстық «Ленин жолы» газетіне тәжірибеден өтуге келеді. Осы келген сапарында өмірлік жарын жолықтырып, оқуын бітірген соң отау құрды. Шанырақ шуағын еселеп, бес бала өсіріп жеткізді. Әулетке сыйлы келін болып, үлкендердің батасын алған апамыз бүгінде ұрпағының ұлағатына бөленген абыз әже, қазыналы қарт.

Жоғарыда айтып өттік, Рысты апамыз қазіргі «Сыр бойы» газетінде отыз жылдан астам қызмет еткен. Қаламы жүйрік, қарымы мықты, шығармашылығы шұрайлы Рысты Бекбергенова елге, қоғамға еткен қызметі үшін лайықты бағасын алды. Қазақстанның Құрметті журналисі атанды. Өткен жылы облыс әкімінің шығармашылық өкілдеріне арналған «Тұран» сыйлығын иеленді. Аймақтың ата басылымы – «Сыр бойының» 95 жылдығын қарсы алған тұста қарт қаламгер өмір жолының өнегелі жактарын есіне алып, жас журналистерге батасын берді.

Мекендеген жыр қойнын,
Газетім – менің

«Сыр бойым».

Үйде, түзде, осында,
Өзінде ғана жүрді ойым.

Алтын жұлдыз бетінде,
Төбен көкке жетуде.
Жаралғансың-ау, газетім,
Ел үшін еңбек етуде, – деген жыр шумақтары ата басылымның абыройлы жолын аңғартады.

Сыр өңірі әдебиет өкілдерінің шығармашылығына арналған «Сырдария» кітапханасы арқылы ақын Рысты Бекбергенованың да өлеңдері жарыққа шықты. Одан кейін каламгердің «Өмір – өлең көңілді көркейтетін», «Өмірдің ақ-қарасы» деп аталатын кітаптарын басып шығаруға кезінде Аманжол Оңғарбаев де-меушілік жасады.

Иә, балалық шағы соғыс жылдарында өтіп, тағдырдың ауырталпығын көп көрсе де, жасқанып, жасымай, өршіл мінезімен өмірден өз жолын тапқан Рысты апамыздың 95 жасқа толып, ел-жұртының ерекше құрметіне бөленіп отырғаны – тәнірдің оған берген сыйы болса керек. Қазыналы қарттың габратты ғұмыры әлі де ұзара түсіп, ғасыр жасай берсін демекпіз.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
Қазақстан Жазушылар
және Журналистер
одағының мүшесі**


/// ҚЫЗЫЛОРДА: БІР ҒАСЫР БҰРЫН

ТАРИХИ ДРАМА АЛАШ ИДЕЯСЫН АРҚАУ ЕТТІ

Еліміздің тарихында өлі де толық ашылып, айтылмай келе жатқан Алашорда қозғалысының өзіндік орны бар. Оның ар жағында Алаш арыстарының азапты өмірі, аласапыран тағдыры тұр.



«ЖАС АЛАШ. ШЫНДЫҚ ШЫРАҒЫ»
тарихи драма



Биыл аймақтағы айтулы мереке – бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл! Осыған орай қалалық «Жастар театры» алаштанушы ғалым Елдос Тоқтарбайдың «Жас Алаш. Шындық шырағы» атты тарихи драмасын алғаш сахнаға алып шықпақ. Спектакльдің режиссері театр және кино актері Ұлан Болатбек.

Шығарма авторы Елдос Тоқтарбай, қоюшы режиссер Ұлан Болатбек, театрдың көркемдік жетекшісі Оңталап Нұрмаханов және театр басшысы Нұрмат Мансұр өңірдің БАҚ өкілдерімен кездесіп, қойылымның жалпы мазмұнымен таныстырып, идеяның туындауына негіз болған деректер жайлы әңгімеледі.

– Өздеріңіз білесіздер, Ақмешіт – тарихи қала, ел өміріндегі көптеген тарихи оқиғаларға куә болған қала деп білеміз.

Ақмешітте Алаш арыстарының ізі қалған. Жаңа рес-публикамыздың негізі қалана-ға алып шығуға тәуекел етіп, ерекше ізденіспен еңбек етті. Дарынды актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дулыға Ақмолданың шеберлік сағатына қатысты. Нәтижесінде, таным терең тарихи туынды көрерменге жол тартпақ. Бағасын халық береді, – деді ол.

Қорыта айтқанда, тарихи туынды ұлттың рухын көтеріп, қазақ тарихындағы Қызылорда қаласының айшықты орнын айқындап, Алаш арыстарының ұстанымын өске-лең ұрпаққа насихаттау, орасан еңбегіне тағалым алу идеясына негізделген.

Айта кетейік, баспасөз алаңында шығарма авторлары мен журналистер аз-кем пікір алмасты. Сұхбат барысында Алаш қайраткерлері өмірінің маңызды әрі мағыналы кезеңін Қызылорда қаласында өткергені, осы жерде олардың алғашқы әдеби шығармалары дүниеге келгені айтылды. Осы тұрғыда Сыр елінде Алаш қайраткерлерінің есімін есте қалдыратындай, олардың ел тарихындағы орнын ұрпаққа үлгі еткізген жерден істер жалғасын тапса деген ұсыныстар айтылды.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

Мәңгірдің сыйы

Бес жасында әкесі Сейтжан «халық жауы» деген жаламен ұсталып, он жылға айдалып кеткен еді. Ол жоқта отбасы қиын күндерді бастан кешті. Үйдегі жас балаларына қарау, тыстағы қарбалас тіршіліктен қалмай, тамақ табу анасына оңай болған жоқ. Сол кеткеннен әкесі бес жыл өткенде оралды. Балалары әке құшағының жылуын әбден сағынған еді. Алайда қуанышты күндері ұзаққа бармады.

Бұл жолы отбасы шаттығының шырқын бұзған соғыс хабары еді. Кейіпкер өзінің «Өмірдің ақ-қарасы» атты кітабында бала жүрегіне батпандай салмақ салып кеткен сол бір ауыр сәтті былайша еске алады:

«Мен сол сәтте ерекше бір бақытқа бөленіп, оның мойнынан мықтап құшақтап алдым. Сол бақытты минутты есіктен асыға кірген ер кісінің «соғыс басталыпты» деген сөзі бұзып жіберді. Үй ішіндегілердің лезде түнжырап қалған жүздері, хабаршы жігіттің ашу мен ызаға толы өткір көздері менің әкем мойнына асылған қолдарымды бірте-бірте ажырата берді. Екі адамның төбелесін анық көрмеген маған осы бір сөз суық естілді. Сол күннен бастап көңіліме жабырқау кірді. Сол күннен бастап мөділ-реген ауыл аспаны бұлтты болып, түрлі гүлмен көмкерілген жасыл жайлаудың қоңыр тартып жүре берді, ал көдімгі Еділ өзені көбік шашып жатқандай сезінетін болдым»

Иә, әкесі соғыстан аман-есен оралғанымен, көп ұзамай ауыр дертке шалдығып, өмірден өтті. Соғыстан кейін ел іші қонырқай тұрмыс кешіп жатқан кез. Анасы күні бойы жұмыста. Он жасқа толып, айналасына ойлы көзбен қарай бастаған ол өзіне жауапкершілік артып, жігерленіп, алдына биік мақсат



қойды. Онысы: ата-ана үмітін ақтап, оқу оқып, білім алып, елге қызмет ету.

Көңілінің беймаза шағында қолына қаламын алып, жан дүниесінің ішкі арпалысын қағаз бетіне түсіретін. Сондай бір кезде:

Өз еліне жау аталып,
«Қонағым» боп түрменін.
Жатты әкем, тым жасып,
Себебі не, білмедім, – деп жазған екен.

Иә, Сыр бойы қаламгерлерінің қатарында Рысты Бекбергенова апамыздың есімі елге ертеден белгілі. Әсіресе, кешегі буын оқырмандар оның шығармашылығымен етене таныс әрі ерекше құрметтейді. Өмірбаянын қарасақ, М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесін, одан кейін С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң еңбек жолының басым бөлігін облыстың бас газеті – бұрынғы «Ленин жолы» басылымында өткеріпті.

Астраханда туып-өскен қыздың Сырдың еліне қалай келгені де тағдырдың тосын сыйы десек болар. Бұрынғы Гурьев, қазіргі Атырау қаласындағы жетіжылдық жұмысшы жастар мектебінде оқып жүріп, бір жағынан кітапха-

нашы болып еңбек етеді. Бір күні газет бетінен Алматы қаласында қыздар педагогикалық училищесі бар екенін көзі шалып қалады. Көп ойланбай, сол оқу орнына баруға шешім қабылдайды. Бағына орай емтихандарын оп-оңай тапсырып, оқуға қабылданып, жатақ-ханаға да орналасады.

Албырт қыз арман жетегінде Алматыға барғаны сол еді, арала екі айдай уақыт өткенде оқу орны Қызылордаға көшеді. Сонымен бірінші тоқсанды аяқтап, бұрын-соңды көрмеген оңтүстік өңірге бет алады. Оқуға деген шексіз құштарлығынан болар, Рысты апамыз М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесін өте жақсы оқып, қызыл дипломмен бітіріп шығады.

Педучилищенің соңғы курсында оқып жүргенде анасы дүние салды. Енді ештеңеге қараймай, әрі қарай оқуын жалғастыруды ойлады. Тағы да Алматыға келді. Арман болған «ҚазҰУ-ге» құжат тапсырып, журналистика факультетіне оқуға түсті. Бұл оқуын да өте жақсы аяқтап, Зейнолла Қабдоловтай белгілі ғалымның жетекшілігімен дипломдық жұмысын қорғады. Ұстазының жоғары баға бергені ақынжанды қыздың шабы-

Хабарландыру

«ТүзкөлМұнайГаз Оперейтинг» ЖШС «Батыс Түзкөл кен орнын игеру жобасының толықтырма» жобалық құжатының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 08.10.2025 жыл сағат 10:30-да Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Абай көшесі, №31 мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде енгізіледі.

Конференция идентификациясы: 820 4870 1673
Кіру коды: 12345

Бастамашы: «ТүзкөлМұнайГаз Оперейтинг» ЖШС, БСН 181140010632

Өкілі: Адранов Азамат Алматович
Байланыстар: тел.: 8 (7242) 27-68-68 ішкі номері: 98-91, Электрондық пошта / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «МұнайгазҒЗЖИ» АҚ, БСН 970940000588
Өкілі: Мурталиев Замир
Байланыстар: тел.: +7 7292 600208 (вн. 207), Электрондық пошта / e-mail: zamir.murtaliev@nipi.kz
Порталға сілтеме: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электронды пошта және номер арқылы алуға болады: 8 (7242) 27-68-68 ішкі номері: 98-91, Электрондық пошта: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстар Порталда немесе Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk>. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69

Объявление

Компания ТОО «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» проводит общественные слушания по: «Дополнению к Проекту разработки месторождения Западный Тузколь» с ОБВ.

Слушания состоятся: 08.10.2025 году в 10:30 часов по адресу: Кызылординская область, Сырдарынский район, поселок Теренөзек, ул.Абая, №31.

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн режиме.

Идентификатор конференции: 820 4870 1673
Код доступа: 12345
Инициатор: ТОО «ТузкольМунайГаз Оперейтинг», БИН 181140010632

Представитель: Адранов Азамат Алматович
Контакты: тел.: 8 (7242) 27-68-68 вн:98-91, Электронный адрес / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Разработчик: АО «НИПИнефтегаз», БИН 970940000588
Представитель: Мурталиев Замир
Контакты: тел.: +7 7292 600208 (вн. 207), Электронный адрес / e-mail: zamir.murtaliev@nipi.kz

С материалами проекта можно ознакомиться по ссылке: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>

Дополнительную информацию, относящуюся к проекту можно получить по телефону: 8 (7242) 27-68-68 вн: 98-91, а также по электронной почте: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до начала слушаний на Портале, либо УПРПРП.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk>. г. Кызылорда, ул. Бейбарыс Султан, №1, контактный телефон: 8 (7242) 60-53-69

///ТАҒЫМ

ШЫНДАЛҒАН УАҚЫТ ШАПАҒЫ

Әбдімәлік Нысанбаев екеуіміздің 1955 жылы Қызылордадағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түсуіміз ойда жоқта болған еді.



Енді соны басынан бастап айтайын. Мен 1955 жылы Сексеуіл станциясындағы №423 орта мектепті үздік бітіріп, Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне құжат тапсырғанмын. Емтиханның барлығын да жақсы және өте жақсы деген бағаға тапсырсам да, қабылдау комиссиясы конкурстан өте алмадың деп, қолыма бағалары жазылған сынақ тапсырған құжатты берді. Сондағы қабылдау комиссиясының айтқаны:

– Бұл құжатпен басқа институтқа барсаңыз, осы бағаларыңызбен олар қабылдауы мүмкін, – деді. Бірақ мен ешбір институтқа бармай, дайындалып алдағы жылы қайта келермін деген оймен пойызға отырып, ауыл қайдасың деп жолға шықтым.

Біз мінген пойыз 25 тамыз күні таптусыз Қызылорда қаласына келді. Вокзалда Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түсуге келген таныс балаларға кездестім. Олар менің сынақ тапсырған құжатымды көріп, «мына бағамен пединституттың физика-математика факультетіне қалай болса солай түссін» деп кеңес берді. Пединституттың физика-математика факультеті деканының қабылдауына бардым. Қабылдау бөлімінде мен қатарлы жігіт отыр. Ташкент қаласына барып, теміржол институтына емтихан тапсырып, конкурстан өте алмай емтихан тапсырған құжаттарымен осы институтқа келіп отырған Әбдімәлік Нысанбаев екен.

Екеуіміздің құжатымызды қабылдап алған факультет деканы Ә.Тәжмағанбетов:

– Балалар, мен институт ректоры Әділ Ермеков жолдасқа барамын, сендер мені күтіп отырыңдар, –деп кеңседен шығып кетті. Арада бір сағатқа жетпейтіндей уақыт ішінде қайтып келіп:

– Балалар, сүйінші, студент болдыңдар! – деп институт ректорының бұйрығымен таныстырды.

Бұл 1955 жылдың 25 тамызы болатын. Сонымен Шыңғыс Айбосынов, Әбдімәлік Нысанбаев журнаға «Б» группасының студенттері болып тіркелді. Ертенің студенттер мені староста етіп сайлады.

Екеуіміз де 1960 жылы институтты үздік бітіріп шықтық. Диплом алғаннан кейін елдегі қарт ата-анамыз көрсету үшін ауылға барып жұмыс жасайын деген тоқтамға келіп, батысқа жол тарттым. Ал Әбдімәлік болса, ғылым жолын тандап, Алматыға – шығысқа аттанды.

Енді академиктің өзін сөйлетейік. – Иә, біздің замандастарымыз тәртізді менің де балалық шағым өт-

кен ғасырдың 40-50 жылдары Сыр бойындағы қиын-қыстау күндерге, ашаршылыққа, қуғын-сүргінді, қиямет қырғын соғысты бастан кешірген жылдарға дөп келді. Ауамалы-төкпелі осы заманда бала дүниетанымы мен бақытына ықпал етіп, оның жақсы азамат болып, тұлға болып тәрбиеленуіне әсерін тигізген, өмірім мен санамда өшпес із қалдырған апаларым мен әжелерім туралы айтсам деймін. Аруақтары риза болғыр, бұлар Қатира және Тазагүл апалар, Рысты, Мәрия және Бибінұр әжелерім болатын.

Мен діни сауаты бар өз анам Рыстыны әже деп атадым. Өйткені бала тұрмағасын осылай атауды бәрімізден өзі өтінген. Бұл да болса қазақы ырымның бірі болса керек. Әкем Нысанбай екеуі қосақтасып өмір сүргенде анамыз 17 құрсақ көтеріпті. Солардан екі-ақ қыз қалған, менің апатайларым Үміт, Қатира, қалғандары өткен ғасырдың отызыншы жылдары қолдан жасалған ашаршылық жылдары шетінен шетінеп кете берген. Ел басына төнген бұл зобаланды бастан кешпеген қазақ отбасы кемде-кем шығар.

Әкем Нысанбай мен Рысты анам балаларын жетелеп Өзбекстанға аулды. Бұл қасіретті сапардағы сұмдық оқиғаларды бала кезімде әжемнің аузынан талай естідім. Менің ата-аналарым жат жұртқа жерсіне алмай, туған еліне қайта оралады, бейнеті көп, зейнеті жоққа жақын қолхоз жұмысына орналасады.

«Баласыз ата тұл» демекші, артына тұяқ қалдыруды армандамайтын қазақ бар ма, сірә?! Менің ата-аналарым да бала тұрақтамағасын сол манайдағы әулие-әмбиелерді жағалап, аруақтардың басына түнеп, Құдайдан жалбарынып ұл сұраған. Аласапыран заманда алда не күтіп тұрғанынан күдіктенгені де болар, ұрпақ жалғастығын әкем де, шешем де уайымдаған тәртізді. Қамкөңіл пенделерінің мұңына құлақ асты ма, 1937 жылдың 1 мамырында мен дүниеге келіпін, артымнан Мәлік өмірге келді. Қуғын-сүргін жылдары халықты ұлт ретінде ұйытуға тырысқан қазақтың беткеуістар қаймақтары қамауға алынып, жер айдалып, атылып кете барды.

Менің әкем Нысанбай да осы саясаттың құрбанына айналды. Қызылорда қаласының жанындағы Қарауылтөбе қолхозында тұрған әкемді түнде алып кеткені, әжемнің жылағаны еміс-еміс есімде қалыпты. Әкең таяуда қайтып келеді деп жұбатқанымен, оның хабарын бірнеше жылдан кейін соғыстан соң тоталитаризм тозағынан босап шыққан

әкеммен бірге болған адамнан естідік.

Анамның күш-қуаты мол, ерік-жігері мықты болатын, оның негізгі мақсаты екі ұлына – Әбдімәлік пен Мәлікке ұлттық тәрбие, мүмкін болғанынша жақсы сапалы білім беру, оларды еліміздің қажырлы азаматтары етіп өсіру еді. Ол арманы іске асты, екі баласы танымал азаматтар болып өсті. Өз басым мектепті жақсы бітіргеннен кейін Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түстім. Құрстан курсқа өткен сайын білімімді тереңдетіп, уақытты бос жібермес үшін қалада жатып оқуға тура келді. Осылайша сол кездегі қаланың Некрасов көшесінің төртінші үйінде тұратын Тазагүл апаның үйіне тап болдым. Төрт-бес жыл бойы осы кісінің қолында тәрбиелендім. Студенттік кезімде Батырхан Остаев, Сұлтан Үсенов, Бекіраш Жүсіпов, біздің группаның мәңгі старостасы Шыңғыс Айбосынов сияқты тамаша достарым болды.

Мен 3-5 курстарда өте жақсы оқып, Сталиндік стипендияның иегері болып жүрдім. Бұған Ә.Тәжмағанбетов, Е.Махмұтов, И.Бекбаев, Ә.Оразалиев, Ж.Беркімбаев, С.Сарманов, С.Елубаев, Ж.Сәтбаева сияқты тамаша білікті де дарынды ұстаздарымның еңбегінің арқасында қолым жетті десем де болады.

Институтты бітіргеннен кейін институт башшылары мені арнаулы жолдамамен Алматыға Қазақстан ғылым академиясына жіберген болатын. Ол кезде академияда қызмет істеу деген үлкен мақтанш еді. Өйткені ғылыми инновациялық Сәтбаев заманы болатын. Мұнда мен елу жылдай отасып отырған болашақ жұбайым Зейнепшен таныстым. Оның анасы Бибінұр анамыздың тәрбиесін де көрдім. Ол кісінің дайындаған дәмді мантисы мен кеспесі әлі есімде. Марқұм анамыз қазақтың тамаша үлгілі отбасы болуымызға көптеген ақыл-кеңесін аяған жоқ. Оның жұбайы Өшен Асқаров әкеміз Қызылорда қаласында өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғында басшы қызметте болып, одан кейін Алматыда және басқа өңірлерде көптеген басқарушы қызметті адал атқарып, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болған азамат-тұғын.

Сонымен, менің болашақ ғалым болуыма, осы жолда үлкен ізденіспен еңбек етуіме Орынбек Жаутіков, Жабайхан Әбілдин, Лев Науменко, Мамия Бақанидзе сияқты дарынды ғалымдардың маған берген ақыл-ке-

нестері үлкен күш берді және ғылым биігіне жетеледі.

Сол сияқты Мәскеудегі ұстаздарымды да ерекше айта кетуге тиіспін. Солардың ішінде сол кездегі одақтағы жаратылыстану философиясымен айналысқан, бірден-бір атақты ғалым, профессор И.Кузнецов – осы саладағы алғашқы аяқалысымен зор ықпал еткен адам. Менің Мәскеудегі аспирант кезімдегі ғылыми жетекшім болатын. Сондай-ақ Э.Ильенков, Б.Кедров, В.Гот, В.Тюхтин, Г.Резавин, В.Лекторский, В.Степин секілді көрнекті ғалымдардың алдын көру философиядағы өз жолымның қалыптасуына үлкен ықпалын тигізді. Аспирантураны ойдағыдай қысқа мерзімде тәмамдағаннан кейін 1969 жылдың 24 желтоқсан күні Мәскеуде «Значение принципа соответствия для раскрытия природы истины в математике» деген тақырыпта диссертация қорғап, философия ғылымының кандидаты деген ғылыми атаққа ие болдым.

Содан кейін арада он жыл өткенде 17 қаңтар 1975 жылы «Диалектикологические принципы синтеза и развития математического знания» деген тақырыпта диссертация қорғап, философия ғылымының докторы атандым, – дейді ол.

Әбдімәлік Нысанбаев Қорқыт ата университеті түлектерінің ішінен кеңестік дәуір кезінде шыққан тұңғыш академик.

Ғылым саласындағы еңбектері өзінің бағасын алды. Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, Мемлекеттік сыйлықтың, Президенттің «Бейбітшілік және рухани келісім», Халықаралық түркі әлемі сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Қазақстанның ғылым және техника саласының қайраткері атанды.

Ыбырай Алтынсарин атындағы медальмен, Абылайхан атындағы, Мұстафа Шоқай атындағы, Түркияның Джалалядин Рулис атындағы алтын медальдармен марапатталған.

Ол Қазақстан Ассамблея кеңесінің мүшесі, Қызылорда, Атырау қалаларындағы және Қытайдағы Хуажон университеттерінің құрметті профессоры, сондай-ақ Қызылорда қаласының, Алматыдағы Медеу ауданының, облыстағы Сырдария және Қармақшы аудандарының Құрметті азаматы.

Халықаралық информатизация академиясының, Ресейдің жаратылыстану академиясының академигі болып сайланған.

Қазақ ССР-нің «Құрмет грамотасымен», «Тәуелсіздіктің 10 және 20 жылдығы», «Қазақстан Республикасы Парламентіне 10 жыл» медальдарымен және «Парасат», «Достық» орденімен марапатталған.

Сан ғасырлық тарихы бар Сыр топырағының түлегі Әбдімәлік Нысанбаев тек өңірдің ғана емес, бүкіл қазақ халқының мақтан тұтар ғалымы десек те артық айтқандық болмас. Жалпы Әбекеннің, Әбдімәліктің отбасын ғалымдар отбасы деуге болады. Мәселен, жұбайы Зейнеп – химия ғылымының кандидаты, баласы Назар – заң ғылымының кандидаты, қызы Динара – философия ғылымының кандидаты, немересі Шыңғысхан – экономика ғылымының кандидаты.

Міне, жақсы әкенің жарық жолы, өшпес өнегесі.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, Қызылорда облысының Құрметті ардагері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Биыл Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің облыс бойынша департаменті тұрғындарды зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік төлемдер тағайындау, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу, мүгедектігі бар азаматтарды қолдау және арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнаманың орындалуын бақылау бағытында бірқатар жүйелі жұмыстар атқарды.

Департамент басшысы Бекболат Шәріпбековтің айтуынша, жыл басынан бері өңірде 30251 жаңа зейнетақы мен жәрдемақы рәсімделген. Сонымен қатар, «Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі» ақпараттық жүйесінде 34768 мүгедектігі бар азамат тіркелген. Соңғы алты айда медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері арқылы 6536 қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетіліп, оның ішінде 1321 азаматқа алғаш рет мүгедектік тобы тағайындалған. Одан бөлек 10 мың адамға шаққандағы алғашқы мүгедектіктің қарқынды көрсеткіші 15,6 пайызды құрады.

Ал балалар арасында бұл көрсеткіштің төмендеуі байқалады. Мәселен, І жартыжылдықта 455 балаға мүгедектік берілсе, өткен жылы бұл сан 509 болған. Яғни 11,8 пайызға азайған.

Облыс аумағында 1 қаңтардан бастап 269,5 мыңнан астам зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың төлемдері қайта есептелді. Сонымен қатар республикалық бюджет есебінен тағайындалатын әлеуметтік төлемдерге қатысты 16 мемлекеттік қызмет түрі бойынша 55639 азаматқа қызмет көрсетілді. Департамент мамандары 25388 іс-макетті қайта қарап, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,7 пайызға жоғарылаған. Оның ішінде 1616 іс бойынша төлем тағайындаудан бас тартылатын. Тағайындаудан бас тартудың негізгі себебі, 1493-нің зейнетақы жинақтарының сомасы міндетті жарналардан артық болса, 123-нің құжаттарының толық болмауы негіз болған. Кері қайтарылған істердің басым бөлігі зейнетақы төлемдері мен көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақыларға қатысты.

– Әлеуметтік салада халықтың құқықтарын қорғау, сапалы қызмет көрсету және заңнаманың орындалуын қамтамасыз ету – біздің басты міндетіміз. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады, – деді департамент басшысы Бекболат Шәріпбеков.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық Қоғамдық кеңес, облыстық Ардагерлер кеңесі облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ысқақов Олжас Ермекулына әжесі, саналы ғұмырын қаржы саласының дамуына арнаған тыл және еңбек ардагері

Ақтай Айтқожақызының
дүниеден озуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы және «Senim» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағының ұжымы мен барша Сыр медицинасының қызметкерлері облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ысқақов Олжас Ермекулына әжесі

Айтқожаева Ақтай
Айтқожақызының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

«Интергаз Орталық Азия» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабынан талаптарына сәйкес экологиялық құжаттама материалдары: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» магистральдық газ құбырлары басқармасы үшін 2025-2034 жылдарға арналған атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары. Экологиялық рұқсатты рәсімдеу Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылу мүмкіндігі бар.

Zoom платформасына сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/8265037407?pwd=URXRkQvWE1SYThYcDZlbkkyRUF6dz09&omn=86812607683>

Конференция идентификаторы: 826 503 7407

Кіру коды: naCm0a

Бастамашы «Интергаз Орталық Азия» АҚ, Астана қаласы, Ә.Бөкейхан, 12 ғимарат, БСН 970740000392, ИИК KZ196010111000020945 АО «Народный Банк Казахстана».

Әзірлеуші: «Алия и Ко» ЖШС, БСН 070540000971. Нақты мекенжайы: ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Сәнікбай батыр 74 «В»; Тел.: 8 (7132) 90-55-66

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен www.ndbecology.gov.kz сайтынан және ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat> сайтынан танысуға болады

Жоба бойынша қосымша ақпаратты қанша телефондар бойынша сұратуға болады: +7(7242)60-52-02, e-mail: b.zhumataeva@ica.kz

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде бірыңғай экологиялық порталда, сондай-ақ ar.zholdasbekova@korda.gov.kz эл.мекенжайы бойынша қабылданады.

Жобаның атауы: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Қызылорда» магистральдық газ құбырлары Басқармасы үшін 2025-2034 жылдарға арналған атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасын түзету, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

№	Объектінің атауы	Өткізу орны	Өткізу күні мен уақыты	Координаттар
1	АГТС «Жанакорған»	Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы, Жанакорған кенті, Шонаева көшесі, №8А	06.10.2025 ж 11:00	43,8993 67,2356
2	АГТС «Шиелі»	Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т. Рыскулов көшесі, 6	06.10.2025 ж 15:00	44,1777 66,7313
3	АГТС «Қызылорда»	Қызылорда облысы, Қызылорда к., С.Бекіпұраулы,1	07.10.2025 ж 11:00	44,8874 65,4180
4	МГ «Сары-Арқа»	Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі, 8	07.10.2025 ж 15:00	44,9629 65,8822
5	АГТС «Байқоңыр»	Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Төретам кенті, Жанқожа батыр көшесі 21	08.10.2025 ж 15:00	45,6225 63,3177
6	АГТС «Әйтеке би»	Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Әйтеке би көшесі №12	09.10.2025 ж 11:00	45,8469 62,1512
7	АГТС «Арал»	Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Астана көшесі 33	09.10.2025 ж 15:00	46,8007 61,6562

Объявление

АО «Интергаз Центральная Азия» в соответствии с требованиями ст.96 ЭК РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам экологической документации: Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу для Филиала УМГ «Қызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» на 2025-2034 гг., программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по охране окружающей среды. Оформление экологического разрешения.

Также доступно подключение на общественные слушания в формате видеоконференции (БКС) посредством платформы Zoom.

Ссылка на платформу ZOOM:<https://us05web.zoom.us/j/8265037407?pwd=URXRkQvWE1SYThYcDZlbkkyRUF6dz09&omn=86812607683>

Идентификатор конференции: 826 503 7407

Код доступа: naCm0a

Инициатор: АО «Интергаз Центральная Азия», г.Астана, Ә.Бөкейхан, здание 12, БИН 970740000392, ИИК KZ196010111000020945 АО «Народный Банк Казахстана».

Разработчик: ТОО «Алия и Ко», БИН 070540000971. Факт.адрес: Актюбинская обл., г.Актобе, Санкибай батыра 74 «В»; Тел.: 8 (7132) 90-55-66

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте www.ndbecology.gov.kz и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: +7(7242) 60-52-02, e-mail: b.zhumataeva@ica.kz

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также на эл.адрес: ar.zholdasbekova@korda.gov.kz

Наименование проекта: Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу для объектов Филиала УМГ «Қызылорда» АО «Интергаз Центральная Азия» на 2025-2034 гг., программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по охране окружающей среды

№	Наименование объекта	Место проведения	Дата и время проведения	Координаты
1	АГРС «Жанакорған»	Қызылординская область, Жанакорганский район, пос. Жанакорған, ул.Шонаева №8А.	06.10.2025г 11:00	43,8993 67,2356
2	АГРС «Шиели»	Қызылординская область, Шиелийский район, пос.Шиели, ул.Т.Рыскулов 6	06.10.2025г 15:00	44,1777 66,7313
3	АГРС «Қызылорда»	Қызылординская область, г. Қызылорда, ул. С. Бекшұраулы, 1	07.10.2025ж 11:00	44,8874 65,4180
4	МГ «Сары-Арқа»	Қызылординская область, Сырдарьинский район, пос.Теренөзек, ул. Қонаева, 8	07.10.2025г 15:00	44,9629 65,8822
5	АГРС «Байқонур»	Қызылординская область, Кармакшинский район пос.Төретам, ул.Жанқожа батыра 21.	08.10.2025г 15:00	45,6225 63,3177
6	АГРС «Айтеке би»	Қызылординская область, Казалинский район,пос Айтеке би,ул. Айтеке би №12	09.10.2025г 11:00	45,8469 62,1512
7	АГРС «Аральск»	Қызылординская область, Аральский район, г. Аральск, ул.Астана 33	09.10.2025г 15:00	46,8007 61,6562

/// МЕРЕЙ

«Сыр-Дария» — рух пен тіршіліктің тоғысы

С.Айтбаев атындағы көркем сурет галереясында КСРО және Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Құрмет орденінің және «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері Аманкелді Кененбаевтың 70 жас мерейтойына орай «Сыр-Дария» атты отбасылық шығармашылық көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Іс-шараға Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзаков, Қазақстан Суретшілер одағының Астана қаласындағы басқарма төрағасы Өмірәлі Исмаилов, ҚР Суретшілер одағының облыстық филиалының төрағасы Темірбек Сағымбаев, Алматы қаласынан Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Ғани Баянов, Қазақстан Суретшілер одағының Түркістан облыстық филиалының төрағасы Құралбек Косуақов, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Абдухат Мұратбаев және өзге де суретшінің әріптестері мен жақындары, өнерсүйер қауым қатысты.

Көрменің негізгі мақсаты – Сыр өңірінің табиғаты мен тарихын, рухани болмысын көркем өнер тілімен насихаттау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, көрерменге эстетикалық тәрбие беру.



Аманкелді Кененбаев 1955 жылы Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылында дүниеге келді. Орта мектепті бітірген соң әскер қатарында болды. Жастайынан өнер жолын таңдаған жігіт Ә.Қастеев атындағы Шымкент өнер училищесін үздік бітірді. Осы жылдардан бастап республикалық, шетелдік, халықаралық көрмелерге, симпозиумдарға қатысты. Бірқатар мүсіндік және монументалды объектілердің авторы. Ал 2000 жылы алғашқы рет Алматы қаласында «Диинные цветные сны» тақырыбында жеке көрмесі өтті. 2005 жылы «Астана – Бәйтерек» республикалық конкурсының лауреаты атанды. 2007 жылы Лондонда Ұлыбритания патшайымы «Виктория – Альберт» жеке музейінде «Қазақстанның жаңа өнері» көрмесіне қатысты. Францияда орнатылған халықтар тәуелсіздігі үшін күрескер Мұстафа Шоқай бюст-ескертікішінің (2010 жыл) авторы. 2012 жылы Нью-Йорк қаласында халықаралық «Жер, уақыт, адамдар» конкурстық көрмесінің жоғары марапаты – «Алтын қыран» медалінің иегері. 2015 жылы Жапонияның Токио қаласындағы NIW галереясында өткен халықаралық көрмеге қатысты. 2018 жылы Ә.Қастеев атындағы өнер музейінде «Сұлутөбе» тақырыбында көрмесі өтті.

Аманкелді Кененбайұлы – кескіндеме мен мүсін өнерін домбыраның қос ішегідей қатар ұстап, өз қолтаңбасын қалдырған ерекше талант иесі. Оның туындылары дала әуеніндей кең тынысты, бояу үндестігімен баурап алатын өнер жауһарлары. Бүгінде суретшінің еңбектері еліміздің басты музейлерінде, ҚР Президентінің Резиденциясында және шетелдік өнерсүйер қауымның жеке коллекцияларында сақтаулы.

Ол – «Сыр бойының батырлары», «Жанқожа батыр» монументтерінің, Қазалыдағы Кеңес Одағының Батыры В.Счастнов мүсінінің, Франциядағы Ножан-сюр-Марн қаласында орнатылған Мұстафа Шоқай ескерткішінің, Әли Мүслімов пен Әбділді Тәжібаев кеуде мүсіндерінің авторы.

Салтанатты шарада басқарма басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзаков облыс әкімінің құттықтауын табыстады.

Шын мәнінде, «Сыр – Алаштың анасы» деген қанатты сөз бекер айтылмаған. Бұл – өңірдің өзені сияқты терең де тұнық тарихы, қайталанбас болмысы мен рухани байлығы



халқымыздың ұлттық құндылықтарының қайнар көзі. Сыр бойынан шыққан талай саялақтар қазақ мәдениетінің қазынасын байытты. Солардың бірегейі, бүгінгі көрменің авторы, ұлт өнерінің шынайы жанащыры – Аманкелді Кененбаев.

Салтанат сахнасында сонымен бірге суретшінің әріптестері, өнердегі аға-інілері мерейлі жасымен құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп, құрмет көрсетті. Қазақстан Суретшілер одағы облыстық филиалының төрағасы Темірбек Сағымбаев өнер иесіне Салихитдин Айтбаев атындағы төсбелгі табыстады. Аманкелді Кененбайұлы да өз кезегінде сөз алып, барша өнерсүйер қауымға, шараға жиылған қонақтар мен әріптестеріне, ұйымдастырушыларға ризашылығын білдіріп, алғысын айтты.



Аманкелді Кененбаев өз туындылары арқылы Сырдария өзенін тек географиялық нысан ретінде емес, рух пен тіршіліктің символы ретінде таныстырады. Оның еңбектерінде ұлттық колорит пен мәдениеттің қайталанбас көріністері бейнеленген. Сондай-ақ көрмеде суретшінің түрлі жылдардағы 70-тен астам туындысы көпшілік назарына ұсынылды. Одан бөлек көрмеде Аманкелді ағаның жұбайы, колонер шебері Салтанат Қожантаева апамыздың да кизден жасалған туындылары ұсынылған. Салтанат Қожабергенқызы – ұлттық колөнерімізді дәріптеп, дамытуға үлес қосқан, халықаралық, республикалық және облыстық деңгейдегі көрмелердің белсенді қатысушысы. Шебер жасөспірімдерге арналған дәстүрлі «Кілем тоқу», «Асыл мұра» (киіз басу), «Ши тоқу» үйірмелерін жүргізіп, шөкірттерін өнерге баулады. Шөкірттері халықаралық «ART KUNDER HOUSE» байқауында, республикалық «Ата-баба мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» атты балалар шығармашылығы көрмесінде бірнеше мәрте жүлделі орынға ие болды.

Аталған көрме – жастарды ұлттық өнерге баулуға, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыруға, көрерменмен рухани байланысты нығайтуға бағытталған шығармашылық алаң.

Айта кету керек, көрме 28 тамыз бен 29 қыркүйек аралығында өтеді.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// БАЙҚАУ

«ҚЫЗЫЛОРДА – ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҚАЛАСЫ»

Жақсылық Рахматулла атындағы шығармашылық байқау

Облыстық «Сыр бойы» газетінің байырғы бас редакторы, жазушы-журналист, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Жақсылық Рахматулланың туғанына 80 жыл толуына орай жас қаламгерлер арасында «Қызылорда – құндылықтар қаласы» атты шығармашылық байқау жариялайды.

Жалпы ереже:

Байқау облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

Байқаудың үйлестірушісі: «Сыр медиа» ЖШС және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы.

Байқауды ұйымдастыру және оған қатысушыларға қойылатын талаптар:

Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Ұйымдастыру комиссиясы құрылады.

Байқауға Қызылорда қаласының астана болғанына және ұлттымыздың «қазақ» атауы қайтарылғанына 100 жыл толуына орай (қаланың тарихы, кешегі және бүгінгі бет-бейнесі, рухани-мәдени дамуы, жастар саясаты, «қазақ» атауын қайтарудағы қайраткерлер еңбегі, т.б) түрлі жанрда жазылған шығармашылық жұмыстар жіберіледі.

Байқау материалдары қазақ және орыс тілдерінде қабылданады.

Байқауға бұрын баспа бетінде жарияланбаған, тек байқау кезеңінде өткен материалдар жіберіледі.

Байқауға 35 жасқа дейінгі талапкерлер қатысады.

Байқау материалдары тиісті БАҚ жетекшілерінің, оқу орындары басшыларының және тәуелсіз жас қаламгерлердің ұсынысы бойынша қабылданады.

Байқауға әрбір қатысушы баспа бойынша материалын 5 парақтан аспайтын көлемде ұсына алады. А-4 форматында, Times New Roman қарпімен, 14 мөлшерде, 1,0 аралықта терілуі керек. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың мазмұны, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, зерттеу әдістерін енгізе білу ерекшелігі есепке алынады.

Байқауға қатысушылар Ұйымдастыру комиссиясына (Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4 А, мекен-жайына (байланыс телефоны: 8 (7242) 40-02-17, эл.пошта syrboyi@yandex.kz) мынадай құжаттарды қоса жібереді.

1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш: автор туралы мағлұматтар/туған жері, күні, айы, жылы;

– жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3x4 суреті.

2) байқау материалының қағаз нұсқасы.

Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.

Байқауға ұсынылған материалдарды қазылар алқасы бағалайды.

Байқау үш кезеңнен тұрады.

1) 2025 жылғы 5 маусым мен 15 қыркүйек аралығында байқауға қатысушылардан материалдарды қабылдау;

2) 2025 жылғы 15-18 қыркүйек аралығында материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;

3) 2025 жылғы 18 қыркүйекте байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі.

Байқау жеңімпаздары Жақсылық Рахматулла ұрпақтары атынан арнайы жүлдемен марапатталады.

Ұйымдастыру комиссиясы

Алматыға «Реал Мадрид» келеді



Францияның Монако қаласында өткен жеребе тарту рәсімінде алматылық «Қайрат» командасының футболдан UEFA Чемпиондар лигасы негізгі кезеңіндегі қарсыластары анықталды.



Фото: ашық дереккөзден.

Қазақстандық клуб доп додасында «Реал Мадрид» (Испания), «Интер» (Италия), «Арсенал» (Англия), «Брюгге» (Бельгия), «Спортинг» (Португалия), «Олимпикас» (Грекия), «Пафос» (Кипр), «Копенгаген» (Дания) клубтарымен ойнайды. Олар 8 кездесу өткізеді. Оның 4-еуі өз алаңында болса, 4-еуі сырт алаңға жоспарланған. Алматы қаласындағы Орталық стадионда жанкүйерлер «Реал Мадрид», «Брюгге», «Олимпикас» және «Пафос» клубтарымен кездесуді тамашалай алады.

Негізгі кезеңде барлығы 36 команда сынға түседі. Бірінші тур быыл 16 қыркүйекте басталса, сегізінші тур 2026 жылдың 28 қаңтарында болады. Ал плей-офф 16-18 ақпан, 1/8 финал 10-11 наурыз, ширек финал 7-8 сәуір, жартылай финал 28-29 сәуір, финал 30 мамырға белгіленген.

Жарыс ережесіне сәйкес 1-8 орын алған клубтар бірден 1/8 финалға

жолдама алады. Ал 9-24 орындағы ұжымдар 1/16 финалда өзара мықтыны анықтап, доп додасының келесі сатысына шығады. Қалғаны еуродоладағы жарыс жолын аяқтайды.

Алматылық футболшылар белделді турнирдің алғашқы үш іріктеу кезеңінде Словенияның «Олимпия» (1:1, 2:0), Финляндияның КуПС (0:2, 3:0), Словакияның «Слован» (1:0, 0:1, пенальтиден 4:3) командаларын қапы қалдырды. Ал плей-офф кезеңінде Шотландияның «Селтиг» (0:0, 0:0, пенальтиден 3:2) жеңіп, негізгі кезеңге жолдама алған еді.

Қазақстандық команда еліміздің атынан Чемпиондар лигасының жарнарылған нұсқасында бақ сынайтын алғашқы команда атанып отыр. Қазірге дейін 2015/2016 жылғы маусымда елордалық «Астана» Чемпиондар лигасы топтық кезеңінде сынға түскен еді.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Газетіміздің келесі саны бейсенбі, 4 қыркүйек күні шығады.

ҚАЗАНЖАППАЙ ӘЗІРЛЕУДЕН СЫНҒА ТҮСТІ

Сырдария ауданында жергілікті әйел-аналар арасында қазанжаппай дайындаудан сайыс өтті. Іс-шараны аудандық қоғамдық даму бөлімінің қолдауымен «Сырдария ауданының әйелдері» қоғамдық бірлестігі, аудандық әйелдер кеңесі және А.Тоқмағамбетов ауылдық клубы ұйымдастырды.

Сайысқа он шақты әйел қатысып, ұмытылып бара жатқан ұлттық асты әзірлеудің әдіс-тәсілдерін көрсетіп, дастарқан мәдениетін насихаттады. Оның арасында жасы сексенге таяған кеуіуана да бар. А.Тоқмағамбетов ауылынан қатысқан Орынбасар Ұмбетова келінімен бірге көпшілікке ұлттық асты ұлықтап, сайыс нәтижесінде 2-орынды жеңіп алды.

Ал I орынды белсенділігімен көзге түскен Ақжарма ауылының тұрғыны Нұрсәуле Ермбетова иеленді. Сауыншы болып еңбек ететін ол ас әзірлеуді бала күнінде анасынан үйренген.

– Әсіресе, қазанжаппай пісіруді шебер менгеріп, бүгінде сол дәм мен дәстүрді қыздарыма үйретіп келемін. Оның дәмі мен дайындау тәсілі өзгеше. Қазанжаппай қазанда арнайы әдіспен дайындалады, өте дәмді. Әр үйдің өз ерекшелігі мен дәмі болады. Сондықтан барлық қазанжаппай бірдей деуге келмейді, – дейді ол.

Сайыстың 3-орны Амангелді ауылының тұрғыны Райхан Медеуоваға бұйырды. Жұлдегерлер мен өзге де қатысушыларға диплом, алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.